Бірінші рет аймақтық педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру институттары үшін мұғалімдерге, мектеп директорларына, мамандарға және өзге де педагогтарға арналған дәстүрлі 2 апталық курстар жүйесіне 3 айлық «Қазақстан Республикасы педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы» ендірілді. Осы аталған бағдарламаға сәйкес біздің кафедра («Информатика теориясы және оқыту технологиясы») профессор-оқытушылар құрамының 64%-ы өз біліктіліктерін көтерді. Курстың негізгі алдына қойған мақсаты оқытушыларға оқытудың жаңа технологияларын меңгерте отырып, алған білімдерін сабақ беру процесінде қолдану болып табылады. 240 сағатқа арналған курсты оқыту барысында Ұлыбританияның Ньюкасл және Испанияның Валенсия университетінің және Назарбаев университетінің профессорлары кредиттік оқытудың ерекшеліктері туралы дәрістер оқыса, «Үздіксіз білім беру жүйесіндегі заманауи әдістер», «Білім беру нәтижелерін бағалау жүйесі», «Өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру әдістері», «Оқыту және оқу жүйесіндегі заманауи сандық технологиялар» деп аталған модульдер бойынша біліктілікті арттыру институтының оқытушылары семинар-тренингтер жүргізді. Республикамыздың әр түрлі ЖОО-нан келген тыңдаушылары курс соңында өз пәнінен оқытылған 4 модуль бойынша портфолио қорғады. Жалпы курс барысында айтылған «дайын білімнің ұсынылуы» концепциясынан «білім – орнығу» концепциясына өтуді шынайылыққа айналдыратын инновациялық әдістер мен студенттің өзіндік білімін дамыту және осыған бағыттау үшін қолданатын жобалау әдісі, пікірталас, миға шабуыл, кейс-стади, рөлдік және имитациялық ойындар, т.б. технологиялар туралы ақпараттармен жұмыс жасап, тәжірибе алмастық. Университеттің оқытушысы ретінде кәсіби шеберлігімді шыңдауда «Оқыту және оқу жүйесіндегі заманауи сандық технологиялар» атты модуль маған ерекше ұнады. Аталған модуль оқытушының кәсіби қызметінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдана алу және игеруге арналды. Курс барысында өзіме бұрын таныс емес жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу үдерісінде қолданудың «Quiz Maker», «Presenter7», «CamStudio» атты бағдарламаларымен танысып, жұмыс істеу принциптерін үйрендім. Қазіргі таңда осы технологияларды өз сабағымда қолданамын. Нәтижесінде студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, оқу процесін жаңашылдықпен өткізуге үлкен мүмкіндіктер беретініне көз жеткіздім. Жалпы курс барысында республикамыздың жоғарғы оқу орындарынан келген әріптестерімізбен тәжірибе алмасып, алуан түрлі инновациялық әдістер туралы ой бөлістік. Қорыта айтқанда, оқытушы білімін көтермей, кәсіби шеберлігін шыңдамай, өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие берем деу қазіргі заман талабына сай келмейтінін тәжірибие көрсетіп отыр.

Сондықтан да әлемдік бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда ЖОО-ның оқытушыларына үлкен жауапкершілікті жүктеп отырғанын естен шығармауымыз қажет.

Әдебиеттер

1. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. //Қазақстан мектебі.-2006, №4.
2. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или Как интересно преподавать: Учебное пособие. –Алматы, 2007.-С.284.
3. Садуова Ж. Н. Жаңа педагогикалық технологиялар арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру п.ф. к. дисс., авторефераты.- 2008.

ДЫБЫСТЫҚ МӘЛІМЕТТІ ТАҢУ ЖӘНЕ ӨҢДЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

А.Т. Байбақтина, Г.Т. Шәтенова

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

В статье показаны основные проблемы о системе распознавания речи, приобретающий в последнее время все большую популярность. А также, описываются результаты работы систем, в которых нужно устранить проблемы с содействием различных специальностей.

The article presents the main problems of the speech recognition system which has been gaining more popularity in recent years. Apart from it, the results of the work of the systems, where the problems are to be eliminated with the help of various specialties are described.

Ключевые слова: *зависимость от диктора, размер словаря, грамматика.*

Key words: *dependence on the speaker, word stock, grammar.*

Заманауи компьютерлік жүйелерде ақпараттарды табиғи жолмен енгізу, шығару интерфейсін құру мәселелері өзекті болып отыр. Бүгінгі таңда сұранысқа ие болып жатқан жүйелер-ауызша енгізу жүйелері. Алғаш рет 1943 жылы қаралған дыбыстық мәліметтерді тану тапсырмасы адамның батыл және ғылыми-техникалық қиын жаңалықтарының бірі болып табылады.

Дыбыстық мәліметті тану құрылғысы адамның ми қабатының дыбыстарды айыру және түсінуге мүмкіндік беретін сәйкес функцияларын атқару қажет. Мысалы, адам айтылған сөйлемнің мағынасын анықтайды, ал компьютерде бұл мүмкіндік жоқ, яғни компьютердің шекті мүмкіндігі осымен байланысты. Компьютер сенімді түрде сөйлем сөздерінің арасындағы синтаксистік және семантикалық байланысты қолданып дыбыстық мәліметті тану қателерін дұрыстай алмайды. Оның орнына заманауи жүйелерде статикалық модельдер қолданылады. Адам дыбыстық емес қосымша ақпаратты жиі қолданады және де ақпаратты көлемді түрде қабылдайды, сол арқылы ол ЭЕМ-на қарағанда кеңістіктен сигналды сапалы түрде бөледі және шуылдан тазартады. Сонымен қатар, ЭЕМ-дағы программалауда алуан түрлі факторларды қолданбағандықтан фонетикалық модельдер дәл болмайды.[1]

Дыбыстық мәліметтерді тану жүйелеріне келесі үш талап қойылған:

- қатені дұрыстауға кеткен уақытты қосқанда дыбыстан мәтінді теру, мәтінді пернетақтадан енгізу уақытымен салыстырғанда аз уақытты алуы тиіс;
- қолданушы мәтінді қалаған ырғағымен, қалыпты дауысымен айта алуы тиіс;
- жүйенің құны қолжетімді болуы тиіс.

Қолданушылардың қазіргі таңдағы дыбыстық мәліметті тану жүйелерін пайдалануынан кейін бұл жүйелер жоғарыдағы талаптардың біреуін де қанағаттандыра алмайтыны анықталды. Сондықтан дыбыстық мәліметті тану жүйелері қазіргі таңда тек қымбат мультимедиялық ойыншықтар ретінде қарастырылып келеді. Бірақ, бұл жүйелер Батыс елдерінің медицинасында жақсы қолданылады, өйткені Батыста медицина саласы жақсы қаржыландырылған. Сонымен қатар, медициналық термин сөздіктерінің көлемі күнделікті өмірде қолданылатын сөздіктердің көлеміне қарағанда аз және айтылған сөйлемдердің синтаксисі мен семантикасы қатаң тәртіппен орналасады, демек, дыбыстық мәліметті тану нәтижесінің дұрыстығын арттыруға септігі мол. Медицинада дыбыстық мәліметті тану

жүйелері маманның қолдары мен көру қабілеті басқа арнада болғанда қолданылады, мысалы, ота жасау кезінде. Дыбыстық мәліметті тану жүйелерін қолдану дәрігерлер жұмысының уақытын үнемдейді.[1]

Қазіргі таңда дыбыстық мәліметті тану жүйелерінің төмендегідей негізгі мәселелері туындауда, олар:

- дикторға тәуелді, тәуелсіздігіне байланысты әртүрлі нәтиже көрсетуі;
- өздерінің жұмысында шуылды азайту алгоритмдерін қолданбауы;
- сөздік көлемінің әртүрлі болуына байланысты жағдайлардың сәйкес келмеуі және т.б.

Дыбыстық мәліметті танудың бірінші мәселесі - барлық алгоритмдер дыбыстық мәліметті тану жүйесінің қолданушысы, яғни дикторға тәуелді болып табылады. Бір диктордың дауысына баптаудан кейін дыбыстық мәліметті тану жүйелері осы типті дыбысқа жақсы нәтиже береді, ал басқа дыбыстарға нашар жұмыс жасайды. Адамның дыбысты тану мүмкіндігікерісінше диктордың дауыс типіне тәуелді еместігін білеміз. Дыбыстық мәліметті тану мақсатында қолданылатын құрылғыларды жасау және сапасын арттыру мәселелері өз шешімін күтуде. Салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, бір адамның дауысымен айтылған бірнеше сөздерді тану құрылғыларын жасау жеңіл. 1950 жылы бұндай құрылғы АҚШ-та жасалған. Шамамен 100% дәлдікпен бұл құрылғы телефоннан бір адам дауысымен хабарланған 10 цифрды анықтаған. Бірақ дәл сол цифрларды басқа адам керекті үзілістерді сақтап айтқанда құрылғы дәлдігі 50% дейін азайған. АҚШ-та бұл салада RCA фирмасы сәтті жұмыс жасап келеді. 1956 жылы осы фирмамен бір дауыспен айтылған 10 сөзді 98% дәлдікпен танитын құрылғы жасалды. Диктордан сөздер арасындағы интервалды сақтау және сөздерді қатесіз мұқият айту талап етілді. Егер кез-келген ұяшыққа келіп түсетін сигнал энергиясы шектеулі мәннен жоғары болса, онда ұяшықта «1» цифрасы жанады, егер аз болса, онда «0». Сол арқылы әрбір буын кодталған болатын. Бұл принципті қолданып әртүрлі дамытулардан кейін 1961 жылы құрылғының фонетикалық қорын 100 буынға дейін жоғарылатты. Ал қазіргі таңда ол 2000 буынды құрайды.[2]

Сонымен, дыбыстық мәліметті тану жүйелерін дикторға тәуелдігіне байланысты 2 түрге бөлеміз:

- *диктордан тәуелсіз;*
- *диктордан тәуелді.*

Диктордан тәуелсіз жүйелер дикторға алдын ала баптауларсыз жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Диктордан тәуелсіз бұндай жүйелер барлық қалыпты дауыс иелеріне дыбыстық эталондарды сақтау арқылы жұмыс жасайды. Бұл жүйелер сәйкесінше жадының көлемі мен өнімділігінің көп болуын қажет етеді. Диктордан тәуелді жүйелерде диктордың дауысына баптау процесі 30 минуттан бірнеше сағаттарға дейін жалғасады. Бұл қолданушыға қолайсыздық тудырады.[3]

Дыбыстық мәліметтерді тану жүйелері өздерінің жұмысында *шуылды* азайту алгоритмдерін қолданбайды. Бұл компьютерлік дыбыстық жүйелердің сыртқы кедергілері аз болатын үй немесе кеңсе жағдайларында жиі қолданылатындығымен байланысты. Бірақ шуылды азайту құрылғылары техникалық жағдайдағы дыбыстық басқару жүйелерінде қолданылады, мысалы, авиацияда. Компьютерлік дыбыстық жүйелерде шуылды азайту құрылғыларының болмауы дыбыстық мәліметті тану барысында қатенің көп болуына алып келеді (мысалы, егер қолданушы қатты дем шығарса, онда жүйе оны сөздіктің бір сөзі ретінде идентификациялайды).[3]

Дыбыстық мәліметті тану жүйелері үлкен немесе кішкентай көлемді *сөздіктерді* қолданады. Дыбыстық мәліметті тану жүйесінің сөздік көлемі жүйенің тани алатын сөздер санына байланысты емес. Ол жүйенің нақты жағдайындағы дыбыстық мәліметті тануға керекті сөздер санымен анықталады. Кішкентай көлемді сөздіктер (шамамен 50 сөз) қолданушыға компьютерге жай командалар беруге мүмкіндік береді. Тесттермен жұмыс жасауға үлкен көлемді сөздіктер (он мың сөзге дейін) қажет.[4]

Қазіргі таңда дыбыстық мәліметті тану жүйелері айтылған сөздердің тізбегін құруда контекстіні (синтаксисін, семантикасын) тіркеуге тілге тәуелсіз жай *грамматикаларды* қолданады. Келешекте тілдің спецификасын ескеретін жақсартылған грамматикалар қолданылуы тиіс.

Егер дыбыстық мәліметті тану жүйесі үзіліссіз дауысты анықтай алатын болса, онда диктор сөздердің арасында үзіліс жасамай, қалыпты түрде айта алады. Үзіліссіз анықтау ыңғайлы, бірақ бұл компьютер қуаттылығының көп болуын талап етеді. Дискретті дыбыспен жұмыс жасайтын екінші бір жүйелерде диктор сөздер арасында әдетте секундтың $\frac{1}{4}$ бөлігінен кем емес уақытқа үзіліс жасап тұруы тиіс. Үшінші жүйе дыбыстың интервалынан үзіліссіз айтылған бірнеше сөздерден тұратын болса да, бір сөзді ғана бөліп алады.[4]

Эталон ретінде бүтін сөздерді және сөздердің элементтерін қарастыратын алгоритмдердің түрлері бар. Бүтін сөздерді салыстыру көп дәлдікті және жылдамдықты береді, бірақ сәйкесінше көп жады көлемін қажет етеді (сөздіктегі сөздер санына пропорционалды). Сөздер элементтерін (фонемалар, буындар және т.б.) салыстыру алгоритмдері үлкен сөздіктер болғанда қолданылады, себебі керекті жады көлемі эталонды сөздер элементтеріне пропорционалды және сөздік көлеміне байланысты емес.

Қазіргі таңда, басқа тілге тасымалдау мәселесі ғылыми бағытқа емес, коммерциялық бағытқа тән болып тұр. Сондықтан, болашақта қазақ тіліндегі мәліметтерді танитын жүйелердің пайда болуы бұндай жүйелерге деген сұраныспен ғана шешілуі мүмкін.

Компьютерлерді табиғи дыбыстық интерфейс арқылы басқару мәселесін зерттеу компьютерлік техника тарихының алғашқы жылдарынан басталған. Көп жылдық зерттеулер үдерісінде мәселені шешу үшін тек программисттер ғана емес, сондай-ақ лингвисттер, радиоинженерлер, математиктер, биологтар және де психологтарды да қатыстыру керек екендігі анықталды. Шын мәнісінде дыбыстық мәліметті тану жүйесін құру үшін көптеген тапсырмаларды шешу керек. Ең алдымен, микрофон көмегімен ауаның тербелістерін электрлік сигналдарға айналдыру, сонымен қатар, кедергілер мен шуылдан филтрлеу қажет. Компьютер арқылы өңдеуге мүмкін болатындай қандай да бір жолмен сигналды сандық формада бейнелеу қажет. Бұл жерде әр түрлі мүмкіндіктер бар:

- дыбыстық сигналдың амплитудасы туралы ақпаратты компьютерге енгізуге болады;
- сигналдан негізгі жиіліктердің жиынтығын ерекшелеу арқылы сигналдың спектральды құрамын талдауға болады.

Тіл білімінің мамандары тілдің құрылу принциптерін зерттеу үшін қажет және де программа кіріс ағынындағы фонемалар, морфемалар, буындар, сөздер және т.б арқылы танитын тілдің элементтерін ерекшелеуге қажет. Дыбыстың ағынан лингвистикалық құрылымдарды бөлу қиын тапсырма болып табылады. Сөйлеуді немесе оқуды енді үйреніп келе жатқан балалар ғана сөздерді буын арқылы айтады. Шын өмірде дыбыс тек дыбыстардың ағыны ретінде келеді. Дыбыстың қалыптасу процесінде сәйкес әріптерге сай келетін дыбыстар басқа дыбыстармен қосылу кезінде өзгеруі мүмкін. Тілдің дыбыстарында әрдайым өзгертін гармоникалық жиіліктердің спектрі және шуыл бар. Сонымен қатар, дыбыстың қаттылығы мен екпіні ұдайы өзгеріп отырады. Өртүрлі психикалық күйдегі адамдармен немесе бір адаммен айтылған сөз тіркесінің әртүрлі спектральды-уақытша түстері болуы мүмкін. Бұл әртүрлі адамдардың тілін түсінетін универсальды дыбыстық мәліметті тану жүйелерін құруға кедергі келтіреді.

Лингвистикалық құрылымдарды сандық дыбыстан бөлу үшін арнайы компьютерлік жабдықтармен үйлескен әртүрлі математикалық әдістер қолданылады. Мысалы, аппараттық немесе программалық нейрондық торлар. Дыбысты тану жүйесінің тарихының барлығында бұл әдістер ұдайы өзгеріп отырған. Сонымен қатар, кейбір әдістер тиімсіздігінен қолданыстан шығып отырды, ал қалғандары қайта дамыды және жақсартылды.

Биологтардың зерттеулері адамдар қолданатын тілдің құрылу және тану механизмдерін зерттеуге көмектеседі. Дыбыстық интерфейстің мәселесін шешу үшін көптеген ғалымдар тілдік тракт, құлақ, бас миының нейрондық жүйесі сияқты адам ағзаларының жұмысының моделін жасауға тырысып жатыр.

Компьютерлік жүйенің тілдік интерфейсін құруда психологтар да қажет. Адамның психологиялық ерекшеліктерін ескермей, шынымен де ыңғайлы дыбыстық интерфейс құру мүмкін емес.[5]

Дыбыстық мәліметті тану мәселесін шешуге қатысатын мамандық иелері туралы толық мәлімет 1-кестеде келтіріледі.

1-кесте. *Дыбыстық мәліметті тану мәселесін шешуге қатысатын мамандықтар*

Мамандық	Қажеттілігі
Радиоинженер	Микрофонды қолдану арқылы дыбысты сандық түрге келтіру жүйесін проектрлеу, кедергілерді жоятын фильтрлерді жетілдіру, спектр анализаторы аппаратын құру және анықтау жүйелерінің радиоэлектронды блоктарына қатысы бар басқа да проблемаларды шешу.
Лингвист	Сөйлемнің лингвистикалық структурасын зерттеу, сөйлемнен бөлек лингвистикалық элементтерді бөлу. Сөйлемнің құрылу ережесін, интонацияның өзгеруін және екпіннің қойылу ережесін зерттеу.

Математик	Дыбыстық мәліметті тану жүйесін құруда қолданылатын математикалық модельдер мен әдістерді құру. Дыбыс ағынында лингвистикалық элементтерді анықтау әдістерін құру.
Программист	Дыбыс генерациясы және сандық түрге келтіру аппаратурасы арқылы программалық интерфейс құру. Дыбыстық мәліметті тану программаларының визуальды интерфейсін жасау. Дыбыстық сигналдың спектральды анализіне және фильтрлеуге қолданылатын математикалық модельдердің және әдістердің программалық реализациясын және алгоритмдерін құру.
Биолог	Адамдардың тілдік және дауыстық трактарын зерттеу. Бұл зерттеулердің нәтижелері сөйлемдерді тану әдістерін құруда қолданылады.
Психолог	Адамға ыңғайлы программаның дыбыстық интерфейсін жасауға психологиялық аспектілерді зерттеу.

Жалпы қорыта келе, қазіргі заманауи дыбыстық мәліметті тану жүйелерінің келесі мәселелері қарастырылады:

- 1) Диктордың дауысына баптау үдерісі 30 минуттан бірнеше сағатқа созылады.
- 2) Анық және мұқият айтылған мәтіндердегі сөздердің мағынасы өзгереді және де қателер саны 5 есеге дейін өседі. Қателерді дұрыстау аппараттары көптеген жүйелерде әлсіз қондырылған.
- 3) Айқын айтылған мәтіндерде дыбыстық танудан дұрыс танылған сөздер мәтіннің үштен бір бөлігінен аспайды.
- 4) Жүйелерге енгізілген дыбыс үзіндісінің өңделу уақыты бірнеше минуттарға созылуы мүмкін.
- 5) Қазіргі таңда қолданылып жүрген дыбыстық мәліметті тану жүйелері қазақ тілімен жұмыс жасай алмайды.

Осы аталған мәселелерді дербес компьютерді программалық қамтамасыз ету мақсатында құрылатын программалық өнімдердің ақпаратты енгізу-шығару мәселесін дыбыстық тану

арқылы сапасын арттыру есебін шешуге ниеттіміз. Мәселелердің жауабын табуда C# ортасында жоғарыда аталған мәселелер бойынша зерттеулер жүргізіп, дыбыстық мәліметті танудың амалдары мен құралдарын қарастырудамыз.

Әдебиеттер

1. Винцюк Т.К. Анализ, распознавание и интерпретация речевых сигналов.-К.: «Киев»,1985.
2. Рабинер Л.Р., Шафер Р.В. Цифровая обработка речевых сигналов: пер. с англ. – М.: Радио и связь, 1981 г.
3. Галунов В.И., Гарбарук В.И. Акустическая теория речеобразования и система фонетических признаков//Материалы международного конгресса 100 лет экспериментальной фонетике в России,2001.
4. Microsoft Speech SDK 3.0. Бета-Версия. Документация.
5. Разумихин Д.В. Разработка системы понимания устной речи в диалоге. Международная конференция по компьютерной лингвистике «Диалог-2001»,2001.

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ
ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ
Philological Sciences

УДК 378.147

**Подготовка филологов
к реализации воспитывающего обучения**

Э.А. Пантюшова

*Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова
г.Актөбе, Казахстан*

Танымдық қызмет – сезім арқылы қабылдау, теоретикалық ойлау және тәжірибелік қызмет бірлігі болып саналады. Оқыту, тәрбиелеу және дамыту тақырыптық жағынан біріктірілген тілдік материалды пайдалану арқылы жүзеге асады. Ал бұл – халық пен оның тіліне деген қызығушылықты оятып, адамгершілік бағытта тәрбие көзіне айналады.

Wholeness of the training, education and development of the personality is realized with the usage of thematic linguistic material. Its moral orientation fosters interest in the language and people who created it.

Кілт сөздер: *таным, сезім, ойлау, халық, тіл, адамгершілік, тәрбие.*

Key words: *cognition, sense, thinking, nation, language, morality, education.*

Д.С. Лихачёв, духовный лидер XX века, справедливо оценил значимость педагогической деятельности: «Учительство – это **искусство, труд** не менее творческий, чем труд писателя или композитора, но более **тяжкий и ответственный**. Учитель обращается к душе человеческой не через музыку, как композитор, не с помощью красок, как художник, а впрямую. Воспитывает личностью своей, своими знаниями и любовью, **своим отношением к миру**».

В реформируемую школу должен прийти учитель, владеющий технологиями развивающего обучения, умеющий формировать **нравственно ценные отношения** учащихся в учебном процессе, что и позволит значительно усилить эффективность его труда.

Ведущим принципом современного изучения русского языка является **единство обучения, воспитания и развития**. Реализации такого единства способствует **специальный подбор** тематически объединённого языкового материала. **Фактическая** сторона языкового материала, его **нравственная** направленность воздействуют на мыслительную и эмоциональную сферу личности, воспитывают интерес к языку и народу, создавшему его, повышают общий уровень развития, содействует формированию мировоззрения.

Выдающийся педагог XX века В.А.Сухомлинский справедливо отмечал, что **без овладения научными знаниями невозможны ни труд, ни элементарная культура, ни выполнение гражданских обязанностей**. Глубокое усвоение основных идей курса методики русского языка, способов воспроизводства теоретических знаний даёт возможность самостоятельного их применения при решении частных задач. Особое

внимание уделяется работе со связными текстами, несущими воспитательный заряд, способными разбудить мысль и воздействовать на чувства обучаемых.

В связи с резким сокращением часов на изучение методики русского языка повышается значимость проведения особых практических занятий – *деловых игр*, имитирующих профессиональную деятельность, помогающих усвоить единство научных знаний и практической деятельности для реализации воспитывающего и развивающего обучения на уроках русского языка.

Мир вокруг постоянно меняется. Участились попытки фальсификации истории. В год празднования 70-летия Победы в Великой Отечественной войне растущему поколению особенно важно знать правду, какой ценой, благодаря общим усилиям и вкладу всех народов бывшего Советского Союза, была достигнута эта Победа.

Д/И №1 МЕТОД ЯЗЫКОВОГО АНАЛИЗА НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА

Цель – закрепить навыки проведения видов разбора языкового материала.

I. Фронтальный опрос: 1. Каково значение языкового анализа: 1/ в обеспечении связи изучения теории и формирования навыков; 2/ в развитии мышления школьников; 3/ для повторения, проверки знаний учащихся? 2. Виды языкового анализа по содержанию, по объёму, по способу выполнения.

II. Словарная работа: 1. Что такое *подвиг*? 2. Что означает слово *язык* в выражении *брать языка*? 3. Кто такой *снайпер*? 4. В тексте приводится цитата из письма Н.К. Рериха. Что вы о нём знаете?

III. Задания: 1. Перепишите текст, подчеркните главные члены предложения. Объясните постановку знаков препинания. 2. Выпишите причастия, сделайте полный морфологический разбор. 3. Слово *милосердие* разберите по составу.

ПОДВИГ

Всё, что мы знаем о женщине, вмещается в слово «милосердие». Есть и другие слова: сестра, жена, друг и самое высокое – мать. Но разве не присутствует в их содержании и милосердие, как суть, как назначение, как конечный смысл? Женщина даёт жизнь, женщина оберегает жизнь; **женщина и жизнь – синонимы.**

На самой страшной войне XX века женщине пришлось стать солдатом. Она не только спасала, перевязывала раненых, а стреляла из «снайперки», бомбила, подрывала мосты, ходила в разведку, брала «языков». Женщина убивала врага, обрушившегося с невиданной жестокостью на её землю, на её дом, на её детей.

В одном из писем, написанном в мае 1945 года, Николай Рерих отмечает: «Оксфордский словарь узаконил некоторые русские слова, принятые теперь в мире: например, слово «указ» и «совет» упомянуты в этом словаре. Следовало добавить ещё русское слово «подвиг». Как это ни странно, но ни один европейский язык не имеет слова хотя бы приблизительного значения». Если когда-нибудь мир приобретёт себе русское слово «подвиг», в том будет доля и совершённого в годы войны советской женщиной, державшей на своих плечах тыл, сохранившей детишек и защищавшей страну вместе с мужчинами.

IV. Взаимопроверка выполненного задания. Оценивание работ.

№ 2 СПИСЫВАНИЕ С ГРАФИЧЕСКИМ ОБОСНОВАНИЕМ

Цель – научить использовать графические обозначения для выделения структуры языковых единиц, осознанного применения лингвистических терминов.

I. Фронтальный опрос: 1. Какие мыслительные операции необходимо формировать для реализации графического обоснования? 2. Значение и возможности использования графических обозначений. 3. Система применения, виды работ.

II. Задание: 1. Прочитайте текст, определите, в каком классе при изучении какой темы возможно его использование, как провести словарную работу.

2. Спишите текст, подчеркните главные члены и укажите типы предложений по наличию главных членов.

ПОДВИГ У ДУБОСЕКОВА

В середине ноября фашисты возобновили своё наступление на Москву. Один из главных ударов пришелся по дивизии генерала Панфилова. Разъезд Дубосеко во. 118-й километр от Москвы. Поле. Холмы. Перелески. Чуть поодаль петляет Лама. Здесь на холме, на открытом поле, герои дивизии генерала Панфилова преградили фашистам путь. Их было 28. Возглавлял бойцов политрук Клочков. Врылись солдаты в землю. Прильнули к краям окопов.

Рванулись танки, гудят моторами. Сосчитали солдаты – двадцать штук. Усмехнулся Клочков: «Так это, выходит, меньше чем по одному на человека»

Поле. Холмы. Перелески. Чуть поодаль петляет Лама. Вступили герои в бой. «Ура!» – разнеслось над окопами. Это солдаты подбили танк. Снова гремит «Ура!» Это второй споткнулся, фыркнул мотором, лязгнул бронёй и замер. И снова «Ура!» И снова.

Четырнадцать танков из двадцати подбили герои. Отошли, отползли шесть уцелевших.

Передохнули солдаты. Видят – снова идёт лавина. Сосчитали – тридцать фашистских танков. Посмотрел на солдат политрук Клочков. Замерли все. Лишь слышен железа лязг.

Ближе всё танки, ближе. «Друзья, – произнес Клочков, – велика Россия, а отступать некуда.

Позади Москва» Вступили солдаты в битву. Всё меньше и меньше в живых героев. Всё меньше и меньше солдат и гранат. Вот ранен и сам Клочков. Поднялся навстречу танку.

Бросил гранату. Взорван фашистский танк. Радость победы озарила лицо Клочкова. И в ту же секунду сразила героя пуля. Пал политрук Клочков.

Стойко сражались герои-панфиловцы. Доказали, что мужеству нет предела. Не пропустили они фашистов. Разъезд Дубосеково. Поле. Холмы. Перелески. Где-то рядом петляет Лама. Разъезд Дубосеково – для каждого русского человека дорогое, святое место. (С. Алексеев)

III. Проверка выполненного задания по цепочке.

№ 3 МЕТОДИКА ПРОВЕДЕНИЯ ДИКТАНТА С ГРАФИЧЕСКИМ ОБОСНОВАНИЕМ

Цель – научить использовать графические обозначения для обоснования пунктуационных правил.

Задания: 1/ Прослушайте отрывок из очерка В. Пескова «Брестская крепость».

2/ Что Вы знаете о событиях, изложенных в очерке? 3/ Какие слова требуют объяснения?

4/ После записи каждого предложения дайте графическое обоснование расстановки знаков препинания.

БРЕСТСКАЯ КРЕПОСТЬ.

Никакой памятник не может человеку сообщить большего волнения, чем изуродованные взрывами, изъеденные пулями и осколками, опалённые красные кирпичи крепости.

...Стоят в центре крепости величественные руины церкви-клуба. Камни и кирпичи поросли берёзками и бурьяном. Гулкий жутковатый холод идёт из подвалов. После сильных дождей то на одном, то на другом месте вдруг оказываются позеленевшие патроны, белые кости, оружие...

Из **семи тысяч** стоявших тут насмерть в живых остались немногим более **трёхсот** человек. Все они после войны побывали в крепости. Встречались, узнавали друг друга.

Видавшие эти встречи рассказывают: седые, немолодые теперь уже люди, обнявшись, рыдали и становились на колени около опалённых стен.

Мы ещё недостаточно поняли, как велика цена этих красных развалин. Они нам дороже мраморных монументов. Тут не надо наводить лоск, делать дорожки и цветочные клумбы.

Но надо, не скупясь на затраты, бережно сохранить эти стены. И они будут вечно служить делу, во имя которого люди умерли тут летом 41-го года.

Проверка выполненного задания по цепочке.

№ 4 МЕТОДИКА ПРОВЕДЕНИЯ ДИКТАНТА «ПРОВЕРЯЮ СЕБЯ»

Цель – углубить знания, полученные на лекции, сформировать умения по анализу дидактического материала, целесообразности его использования, выработке орфографической зоркости.

I. Фронтальный опрос: 1. В чем преимущество диктанта «Проверяю себя»?

2. Какова особенность этого вида диктанта? 3. Какой навык успешно формируется при его использовании? 4. Каков порядок проверки диктанта?

II. Задания: Прочитайте текст, определите, в каком классе при изучении какой темы возможно его использование. Обозначьте орфограммы и пунктограммы, вызывающие сомнения у учащихся.

III Словарная работа: Мессер. Свастика. Гашетка. Маневренный.

IV. Что вы знаете о подвиге Николая Гастелло?

В начале Великой Отечественной войны, 26 июня 1941 года, героически погиб, направив свой подбитый самолёт в скопление танков противника. Около четырехсот советских лётчиков совершили воздушные тараны.

НЕРАВНЫЙ ПОЕДИНОК

Сентябрь 1941 года. В небе над украинским селом Анастасьевка (близ г.Сумы) недалеко от линии фронта завязался воздушный бой: семь вражеских «мессеров» против одного краснозвёздного самолёта.

Один «мессер» был уже сбит. Он задымился и стал падать. Остальные шесть самолётов попытались взять наш самолёт «в клещи». Но советский пилот резким манёвром ушёл в сторону. Перед ним оказалась машина со свастикой. Лётчик вновь нажал на гашетку пулемёта, но пулемёт молчал – боезапас был полностью израсходован. И тогда, пристроившись к хвосту гитлеровского самолёта, он протаранил его, изрубив винтом. Но и советский бомбардировщик был повреждён, стал менее маневренным. Фашистам удалось его подбить...

Когда колхозники, работавшие в поле и наблюдавшие за неравным поединком, подошли к обломкам самолёта, чтобы похоронить отважного пилота, они были удивлены: лётчиком оказалась молодая девушка. В её нагрудном кармане был найден комсомольский билет на имя Екатерины Зеленко. Билет был пробит пулей.

Много лет спустя школьникам из Анастасьевки удалось разыскать однополчан Кати. Они нашли её родную сестру. Были собраны воспоминания о героине, фотографии, копии её писем. Школьники написали о подвиге Кати, и газеты напечатали их рассказ.

И когда крымский астроном Тамара Смирнова открыла новую малую планету, назвала её «Катюша» в память отважной лётчицы-комсомолки, единственной женщине в мире, совершившей воздушный таран.

IV. Один студент выполняет функции учителя, а остальные – учащиеся.

Преподаватель анализирует и подводит итог.

№ 5 МЕТОДИКА ПРОВЕДЕНИЯ СВОБОДНОГО ДИКТАНТА

Цель– углубить знания, полученные на лекции, сформировать умения по анализу текста, целесообразности использования для выработки навыков грамотного и связного изложения своих мыслей.

I. Фронтальный опрос: 1/ В чём заключается специфика свободного диктанта? 2/

Почему он так называется? 3/ Что общего с изложением и чем отличается?

4/ Требования к тексту и объёму. 5/ Какие творческие задания целесообразно предложить учащимся после написания свободного диктанта?

II. Вступительное слово учителя

Первый день Великой Отечественной войны застал композитора Дмитрия Шостаковича на посту председателя экзаменационной комиссии Ленинградской консерватории. Шли выпускные и переводные экзамены. Учащиеся исполняли все программы точно по намеченному плану. Если во время исполнения какого-нибудь номера раздавался вой сирены, все спускались в бомбоубежище. По сигналу «отбой» экзамен возобновлялся.

В своих воспоминаниях Дмитрий Шостакович пишет: «Однажды я шел в филармонию на концерт, в котором должен был участвовать. За два-три квартала до зала филармонии (хотя только что кончилась воздушная тревога и никто не мог предвидеть, когда будет следующая) ко мне непрерывно подходили люди с

вопросом, нет ли лишнего билетика. Истомлённые бессонными ночами, ленинградцы жаждали морального, эстетического отдыха».

III. Словарная работа (заранее подготовлены объяснения терминов и трудных слов)
Симфония; симфонический оркестр; истомлённые; грядущий

IV. Первичное чтение всего текста. Цель – донести до учащихся содержание и основную мысль.

СЕДЬМАЯ СИМФОНИЯ (Из воспоминаний Дмитрия Шостаковича)

Моим оружием была музыка. С первых дней войны я сел за рояль и начал работать. Июль, август, сентябрь. За три месяца я написал четыре пятых своей симфонии. К концу тысяча девятьсот сорок первого года она была закончена.

Симфония состоит из четырёх частей. Первая часть рассказывает о том, как в нашу мирную жизнь ворвалась грозная сила войны. В ней два музыкальных образа. Тема нашествия и тема Родины (тема сопротивления) вступают в борьбу. Под натиском темы сопротивления тема нашествия слабеет, дробится на отдельные куски.

Во второй и третьей частях находят отражение мысли о патриотизме, культуре, науке. Я стремился рассказать, за что мы воюем. «Жизнь сильнее смерти!» – утверждают эти части симфонии. Четвёртая часть – гимн грядущей победы.

В марте тысяча девятьсот сорок второго года симфония была исполнена в Москве, а позднее в разных странах мира. (131 слово)

V. Чтение исходного текста по абзацам и запись.

VI. Грамматическое задание

Поставьте в родительном и дательном падежах данные сочетания:

четвёртая часть, четыре пятых, тысяча девятьсот сорок второй год

VII. Взаимопроверка и анализ написанных студентами работ.

№ 6 МЕТОДИКА ПРОВЕДЕНИЯ ИЗЛОЖЕНИЯ, БЛИЗКОГО К ТЕКСТУ

Цель – углубить знания, полученные на лекции, выработать умения организовать подготовку к изложению. Оборудование: текст, толковые словари

II. Задания: 1. Прочитайте текст, объясните, почему он так озаглавлен. 2. Выделите основные части в тексте. 3. Составьте к нему план. 4. Какие слова могут вызвать затруднения у учащихся? 5. Проверьте их значение по толковому словарю, обратите внимание на пометы в словаре. 6. О чем следует рассказать в вводной беседе? 7. Какие правила следует повторить? 8. В каком классе можно провести изложение по данному тексту? 9. Как сформулировать цель и задачи урока?

10. Прочитайте текст еще раз, напишите изложение

Неустрасимость

Это открыли огонь зенитные батареи на Каменном острове. Думалось, что дальше некуда: и так уж земля и небо дрожали от этого грома и грохота, а тут вдруг оказалось, что всё это были пустяки, что до сих пор было даже очень тихо и что только теперь-то и началась настоящая музыка воздушного боя.

Ничего не скажу – было страшно. Особенно, когда в воду – спереди и сзади, справа и слева от лодки – начали падать осколки. Мне приходилось уже не раз бывать под обстрелом, но всегда это случалось со мной на земле, на суше. Там, если рядом упадёт осколок, его не видно. А тут, падая с шипением в воду, эти осколки поднимали за собой целые столбы воды. Это было красиво, похоже на то, как играют дельфины в тёплых морях, – но если бы это действительно были дельфины!

Женщины в нашей лодке уже кричали. Перепуганные, они сбились в кучу, съёжились, пригнули как можно ниже головы. А многие из них даже легли на дно лодки и защищали себя руками, как будто можно уберечь себя от тяжёлого и раскалённого металла. Но ведь известно, что в такие минуты человек не умеет рассуждать. Признаться, мне тоже хотелось нагнуться, зажмуриться, спрятать голову. Но я не мог сделать этого. Передо

мною сидел мальчик. Ни на один миг он не оставил вёсел. Так же уверенно и легко он вёл своё маленькое судно, и на его лице я не мог прочесть ни страха, ни волнения. Он только посматривал изредка то направо, то налево, то на небо, потом переводил взгляд на своих пассажиров – и усмехался. Да, усмехался. Мне даже стыдно стало, я даже покраснел, когда увидел улыбку на его губах.

– Неужели он не боится? – подумал я. Неужели ему не страшно? Неужели ему не хочется бросить вёсла, зажмуриться, спрятаться под скамейку?.. А впрочем, он ещё маленький, поэтому и улыбается так беспечно и снисходительно?

Канонада ещё не окончилась, когда мы пристали к берегу. Не нужно было никого подгонять. Через полминуты лодка была пустая... (Л.Пантелеев)

III. Преподаватель проводит собеседование по результатам выполнения заданий.

Методические способности основываются на компетенции, постоянном **углублении научных знаний**. Осознанное усвоение базовых данных обучения русскому языку является надёжным фундаментом для формирования собственных взглядов, осмысления путей решения конкретных проблем. Глубокие лингвометодические знания порождают другое отношение к своему труду, создают возможность для самореализации, творческого подхода, вырабатывают умение видеть реальные возможности применения научно-методических знаний на практике.

Первичное в человеке – душа, сознание, интуиция, смысл. Умственная привычка обуславливается повторяющимися ассоциациями, нравственная – повторяющимися действиями. Духовное богатство учителя и его душевная щедрость являются важнейшими требованиями к профессии учителя. Интерес к лингводидактическим проблемам и научной методике послужат надёжной основой в перестройке научного мировоззрения, перерождения потребителей в *ранг создателей*.

ӘОЖ 809.434.2.55

ЕТІСТІК КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ БАҒАЛАУЫШТЫҚ СИПАТЫ

Б.Қ. Мұратбек

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

*В статье рассматривается оценочная характеристика глагола.
Evaluative description of verb is considered in the article.*

Ключевые слова: *цена, оценочная лексика, оценочная характеристика глагола.*
Key words: *price, evaluative vocabulary, evaluative description of the verb.*

Баға, бағалау-тілдік қарым-қатынаста өмір сүретін, қолданылу аясы кең ерекше лингвистикалық категория. Бағалаудың табиғаты, болмысы және құрылымы, берілу тәсілдері, тілдің басқа категориялармен байланысы, сол тілдің ішкі потенциялы, лексикалық бірлігімен, прагматикалық ерекшелігімен өлшенеді. Тіл білімінде лингвистика мен стилистикалық тұрғыдан талдауды қажет ететін лингвостилистикалық категорияға кейіпкерді бағалау жатады. Бағалау категориясын стилистикалық амал деп бағалау-оның көркем әдебиеттен алшақтатып талдауға келмейтін белгісінен анықтасақ, бұл категорияның лингвистикалық табиғатын лингвистикалық амалдар толықтыра түседі [1, 11-13]. Аталған ерекшелік бағалаудың лингвистикалық табиғатын ашады. Қаламгер қарымының әлеуетіне айғақ болатын көркем шығарманы жанды қозғалысқа түсіріп, оқырманымен табыстыратын негізгі амал- кейіпкерлерді бағалау. Қоғамдағы адамдар шығарманы оқу барысында кейіпкер өмірімен, өсуімен, құлауымен, қайта

тұруымен, арманымен, үмітімен, қуаныш-мақсатымен және оның өмірді бағалауымен танысады. Шығармадағы бар кейіпкердің тіршілік қарекетінен, мінезінен әуелі өзін таниды, содан соң айналасындағы адамдардың бейнесімен, мінез-құлқымен танысады. Оқырманын өмір сүруге тәрбиелеу мақсатын алға қойған жазушы кейіпкер бейнесін ашуда шеберліктің бар қырын игеруге ұмтылады.

Бұл мәселелердің барлығы кейіпкер бейнесін сомдаудағы, бағалаудағы көркемдік әдіс-тәсілдердің жиынтығын нақты шығармалар арқылы тануды қажет етеді. Жазушы өз шығармасындағы кейіпкерлердің мінез-құлқын айқындап, оқырманына даралап көрсету үшін әртүрлі шеберлік қырларын іздейді. Кейіпкер бейнесін сомдауда және өзіндік бағалауын жеткізуде ақын, жазушы қолданылатын өнімді тәсіл- кейіпкерге мінездеме беру. Яғни кейіпкер мінезіне сипаттаманы танып, оның өсу жолдарын бағдарлаймыз. Бірнеше сөйлемнің ішкі бірлігінен және сөйлеушінің мақсатты қолданған грамматикалық тәсілдері нәтижесінде пайда болатын бағалаудың өзіндік күрделілігі-ақын немесе жазушы шығармасының тұтас құрылымына (прозада шығарманы тұтас қабылдау арқылы ажыратсақ, поэзияда авторлық бағалауды ақын поэзиясын тұтастықта қарау арқылы саралаймыз) тәуелділігінде. Себебі автордың ішкі жан дүниесімен астарласа көрінетін бағалау қарым-қатынаста сөйлеудің ішкі қабатынан, көркем әдебиетте шығарманың ішкі композициялық байланысынан сараланады. Бағалаудың астарын даралауда осы заңдылықпен ықпалдасып отыратын бағалау санатын тілдік бірліктердің қызметін талдаумен астарласып, тіпті шығарманың мақсаты, тақырыбымен үндестіре талдағанда ғана нақты ажыратуға болады.

Бағалауды жүзеге асыру үшін, шығарма авторы барлық лингвистикалық амалдарды сарқа пайдаланады. Соның бірі- етістікті сөздер.

Қазақ тілінде басқа сөздермен синтагматикалық қатынас түзу арқылы да, жұрнақтар арқылы да бағалау категориясының жасалуына тірек болатын сөз табы- етістіктер. Етістіктер бұл қызметте әр түрлі құрылым түзеді. Айталық, кейбір мәтінде бағалау бірыңғай жағымсыз бағалауды ажырататын етістік сөздердің үстемелене қолданылуымен ашылса, кейбір мәтінде антонимдік мағынадағы етістіктердің жұптаса қолданысын аңғарамыз.

Әсіресе, етістіктер арқылы бағалау категориясының бояуына сөз таптарының синтагматикалық қатынасының әсері басым. Айталық, төмендегі мысалда «иман жүз» оң бағалауды жүзеге асыратын сөздер тіркесінің негізгі семантикалық мағынасына «тоздырар» етістігінің ықпалы бары аңғарылады. Керісінше, «оздырар» етістігінің қолданыстағы қызметіне «дұшпан» сөзімен тіркесуі өзгеріс енгізген. Мысалға назар аударсақ:

Иман жүзді тоздырар,
Келіп- кетіп көп жүріп,
Мен досыңмын деп жүріп,
Дұшпандығын оздырар.
Алдайды деп жауыңа
Ел тарттырмай бауырыңа
Көрінгенді аздырар,
Кеселді болып бітеді,
Жақсыға біткен жақындар,
Жау жағадан алған күн
Өздері иттей тақымдар

(А.Құнанбаев)

Поэзиялық шығармаларда бағалау категориясы жағымсыз мәндегі зат есім сөздермен етістік сөздердің тіркесе қолданылуынан да орнығады. Мысалы, төмендегі мысалда «надан» сөзі мен «арсаңдар», «талтаңдар» т.б. етістіктермен тіркесе келе астарлы бағалаудың мәнін ашуға тірек болған.

Надан қуанар,арсаңдар,

Таңырқап тұра қалсаңдар,
Татымды ештеңе болмас
Адамсып босқа талтаңдар
(А.Құнанбаев)

Сөздердің синтагматикалық қатынастағы қолданыстық сипатының ерекшелігін, олардың бір-біріне әсерін сөз еткен Ғ.Хасанов синтагматикалық қатынастың мәнін жан-жақты талдай келе, төмендегідей түйіндеген: «Сөз мағынасы терең де сырлы әлемді іспетті құрылымнан тұрғанымен, мәнмәтін жағдайында өзара тіркесімділікке ұшырап, негіз сөз семантикасының өзгеріс құраудағы сүйенетін тірегі болады. Мағыналардың үйлесімділігі адам таным деңгейінің прагматикалық ерекшелігіне қатысты болғандықтан, таным қоршаған шындық болмыстағы заттар мен құбылыстар арасынан үйлесімділікті іздейді. Сол себепті, лексикалық синтагматикалық танымнан туған үйлесімділіктің қаңқасынан құрылып, контексте беку, тұрақталуға көшеді. Бұл, бір жағынан сөйлеудегі үйлесімділікке алып келеді, ал сөйлеудегі сөз мағыналарының актуалдана үйлесуі, сөз мағыналарының ішінде бір макробөліктің өзгеріп, алдыңғы қатарға шығып, мәндік байланыс құрауы болады» [2, 263].

Кейбір туынды етістіктерді де бағалау категориясының амалдары деп тануға негіз бар. Төмендегі мысалда субъектаралық бағалау жағымсыз бояу үстеген «бұртақтаған», «жыртақтаған», «тыртақтаған», «бұлғақтаған» етістіктердің бірнеше шумақта жарыса қолданылуынан орныққаны көзге түседі. Мысалы,

Бұлардың кейбірінің мінездері:

Ешнәрсе көрмегенсіп, **бұртақтаған**.

Кейбірі жайдары, ашық боламын деп

Орынсыз адамдармен **жыртақтаған**.

Қолы жетпес нәрсеге **тыртақтаған**

Орынды іске жүріп, ой таппаған,

Не болмаса жұмыс қып, мал бақпаған,

Қасиетті болмайды ондай жігіт

Әншейін құр бекерге **бұлғақтаған**...

(А.Құнанбаев)

Етістіктердің бағалау категориясына қатысы -сы, -сі жұрнақтарының қызметімен толығады. Бұл жұрнақтардың түбір негізге әсері соншалық, олардың бастапқы мағынасына ерекше әсер береді. Жағымды бағалауды жағымсыз мәнге ауыстыра алады.

Бұралып тұрып,

Буыны құрып,

Қисайта тартып мұрынын;

Әсемсіп, сәнсіп

Білгенсіп, бәлсіп,

Әр нәрсенің орынын.

Керенау кердең, бір керім

Жақпайда маған сол жерің

(А.Құнанбаев)

Талданған грамматикалық тұлғаларды Ғ.Танабаев «субъектив мәнді» етістіктер деп топтап, олардың семантикалық құрылымына талдау жасаған. Автор субъектив мәнді етістіктердің семантикалық өрісін сипаттап: «Субъектив мәнді етістіктердің барлығында да адамның бір амал- әрекетін, көзқарасын білдіретін мағыналық реңк бар. Осы мағыналық реңк оның негізгі мағынасына қосымша болып тұрады», -деп негізгі қызметін дөп баса көрсетеді [3, 9].

Ақын, жазушылардың шығарманы құбылту, стилистикалық тәсіліне қарай -сы, -сі тұлғалы тұлғалы етістік сөздер кейде III жақтағы субъекті бағалауын ашуға негіз болса, кейбір автор субъектінің монологіне осы құрылымдарды тірек етіп I жаққа қатысты қолданады. Соның нәтижесінде көрсетілген тұлғадағы етістіктерді суреттеген

кейіпкерінің ішкі жан-дүниесін жанды суреттеудің бір амалына айналдырады. Төмендегі мысалға назар аударсақ:

Қайраттасып, қамқорсып,
Сайманымды бүтіндеп.
Оңашада оязға мақтамаймын елімді
Өз еліме айтамын:
«Бергенім жоқ деп белімді»
Мақтанамын кісімсіп,
Оязға сөзім сенімді...

(А.Құнанбаев)

Прозалық шығармаларда етістік сөздердің I жақтағы тұлғасын кейіпкердің іс-әрекетін ашу үшін жиі қолданылатыны байқалады. Бұл тәсілді поэзиялық шығармалар бойынан да байқауға болады. Мысалы,

Болыс болдым мінеки,

Бар малымды шығындап,

Түйеде қом, атта жал
Қалмады елге тығындап.
Сөйтсе-дағы елімді,
Ұстай алмадым мығымдап,
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап,
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап.
Сияз бар десе жүрегім
Орнықпайды суылдап,
Сыртқыларға сыр бермей,
Құр күлемін джымындап.....

(А.Құнанбаев)

Ақын кейіпкерінің өмір сүру ұстанымын сырттай сынаушы. Шен, атақ үшін сатқан малының арты не істесе де, қайырсыз, берекесіз болатынын субъектінің өкінішімен астарластыра сынайды. Ақын шығармасының субъектіге берген астарлы бағалауын, оның астарынан көрініс беретін ащы шындықты қабылдаймыз. Еңбексіз мал шашпақтың, берекесіз тірліктің қаншалықты қажеттігін салыстыруға мүмкіндік аламыз. Бір ескеретіні, бұл өлең шумақтарында да етістіктің басқа сөздермен синтагмалық қатынасына мән берген абзал [1,21].

Ақын шығармасында бағалау амалдары ретінде ортақ төл сөзді құрылымдар да жиі көрініс табады. Автор бірде I жақтағы етістік құрылымдарды, бірде III жақтағы етістік тұлғалары арқылы ішкі бағалауын даралап, енді бірде ортақ төл сөздер арқылы ашық түрде бағалау, жақсы мен жаманның, надандық пен ілім, білім, ғылымның арасын салыстыра астарлы бағалауын жеткізеді. Ақын шығармасында бірнеше кейіпкерге деген бағасы бір өлең бойында жинақталып берілгені де көзге түседі. Мысалы,

Ол «болдым-ақ» дей берер,
Бұлғақ қағып басқанға,
Елең қағып елбірер
Еліртіп көзді аспаға
Жайы мәлім шошқаның
Түрткенінен жасқанба
Бір ғылымнан басқаның
Кеселі көп асқанға
Одан үміт кім қылар
Жол табар деп сасқанда?

Үйтіп асқан жолығар
Кешікпей-ақ тосқанға

(А.Құнанбаев)

Бұл өлең жолдарынан жоғарыда талданған «Күлембайға», «Әсетке», «Көкбайға» өлеңдерінде бірде монолог, бірде ортақ төл сөзді тәсілдері арқылы берілген автор бағалауы ашық көрініс тапқан. Автор бағалауының астары, өмірден түйгені мен жастарға берген бағыты анық танылған. Автор: «Бір ғылымнан басқаның, Кеселі көп асқанға», - деп қорытады.

Әдебиеттер

1. Момынова Б.Қ. Тілдегі жаңа бағыттар мен типтік қатынастар: Оқу құралы. - Алматы: «Арыс», 2009. - 160 б.
2. Хасанов. Ғ.Қ. Лексикалық мағына. - Орал: Оқу-баспа кабинеті. - 2005. - 185 б.
3. Танабаев Ғ.Ө. Қазіргі қазақ тілінің субъектив мәнді етістіктердің семантикалық құрылымы: ҚДА. - Алматы, 2005. - 30 б.

ТАРИХ, ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТАНУ
ИСТОРИЯ, ФИЛОСОФИЯ И СОЦИОЛОГИЯ
History, Philosophy and Sociology

ӘОЖ 94(574E81)

**Ел есіндегі есім - Телжан Шонанұлы туралы
біреп сөз**

С.А. Есқалиев, С.Ж. Жоламан

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

*В данной статье автор рассматривает жизненные этапы и научную деятельность
Т.Шонанұлы.*

T.Shonanuly's life stages and scientific work are considered in the article.

Ключевые слова: *жизнь, этап, наука, деятельность, Т.Шонанұлы.*

Key words: *life, stage, science, activity, T.Shonanuly.*

Телжан Шонанұлы қазақ халқының біртуар ұлдарының бірі және бірегейі, қазақ халқының мүддесін иманындай көріп, сол үшін өзінің барлық күш – жігерін, ақыл парасатын, білімін, ең аржағы өз өмірін де аямай, осы жолда пида еткен асыл азаматы. Өзінің қамшының сабындай ғана 43 жылдық қысқа ғұмырында тіл білімінің көшбасшыларының бірі, ғалым – ағартушы, әдебиетші, тарихшы, аудармашы, ғылым қайраткері ретінде таныла білген ол, 1894 жылы 17 желтоқсанда қазіргі Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Аманкөл ауылында дүниеге келген. Жастайынан ой - түйсігі мол бала, оқу білім жолына ерте ден қойып, 1908 - 1912 жылдар аралығында Ырғыздағы екі сыныптық орыс- қазақ училищесін үздік оқып бітірген.

Одан соң, 1912 жылы Орынбор қаласындағы Қырғыз - қазақ мұғалімдер институтына қазына есебінен оқуға түсіп, бітіргеннен кейін 6 жыл мектепте жұмыс істеуге міндеттеніп, 1916 жылдан 1920 жылдар арасында Ырғыз өңіріндегі ауыл мектептерінде ұстаздық қызмет атқарады[1]. 1921-1925 жылдары Шонанұлы Семей, Орынбор қалаларында аудармашылық, мұғалімдік қызметтерін атқара жүріп, сондай-ақ, шығармашылық жолындағы ғылыми еңбектерін жазуға құлшына кіріседі.

Шонанұлы небәрі 23 жасында, яғни 1917 жылы Орынбор қаласында қазақтың сол кезеңдегі бетке ұстар білімді азаматтары алғаш құрған Алаш Орда үкіметі құрамындағы А. Байтұрсынов басшылық еткен оқулықтар жазатын оқу комиссиясы құрамына сайланады[2]. Сөйтіп жүріпте ол өзінің саяси, ғылыми сауатын жетілдіріп ұштауын тоқтатпаған. 1926 - 29 жылдары Қызылордада қызмет жасаған кезінде қазақ оқу комиссариаты жанындағы халық институтының әдеби - лингвистикалық факультетінде экстерн жүйесімен оқып бітірді, әрі сонда оқытушы болып жұмыс істейді. Сол уақыттан, яғни 1929 жылдан бастап, өмірінің соңғы жылдарына дейін (1937 жыл) ол Қазақ мемлекеттік университетінде, қазақ педагогикалық институтында доцент ретінде студенттерге дәріс оқыған[3].

Т. Шонанұлы өзінің білімін үнемі жетілдірумен қатар сол кездегі жаңа бой көтеріп келе жатқан жаңа елдігіміздің басқару қызметтеріне белсене араласа, қызмет атқара жүріп, кейін бізге мәлім болған 40-қа жуық ғылыми - танымдық оқыту бағдарламасы, оқулық кітаптары, сондай - ақ жүзден аса көлемді публицикалық, ғылыми теориялық, ғылыми әдістемелік, проблемалық мақалалар, өмір баяндық очерктер жазып, аудармалар жасаған.

Олардың бірқатары оқулықтар «Жаңалық» (1928 ж) «Сауаттан» (1929 ж), «Колхоз ауылы» (1930 ж), А. Байтұрсыновпен бірігіп «Оқу құралы» (1926 ж), «Тіл дамыту» (1930 ж), «Қазақ тілінің оқу құралы» (1933 ж), т.б. және: латын әрпі, татар, ұйғыр, түркі тілдері жайлы зерттеу еңбектері бар[4].

Оның 1923 жылы Орынборда жазып бітірген «Қазақ жер мәселесінің тарихы» атты көлемді еңбегі 1926 жылы Қызылорда қаласында 3 мың таралыммен кітап болып жарыққа шығып, қазақ халқының ежелден жер мәселесіне зор оң көзқараспен, жауапкершілікпен қарағандығын, қайсы бір сырттан келген келісімсіктермен, кірмелердің «қазақ жерді қадірлемеген, көшіп-қонып басы ауған жаққа жүре берген» деген пәл сапаларын жоққа шығарып, шындыққа көздерін жеткізуге батыл талпынған бағалы еңбек. Бұл туынды қайраткердің саяси – тарихи білік дәрежесін көрсететін іргелі зерттеу болып табылады[5]. Қазақтың ежелден айтылып келе жатқан «жер дауы - жесір дауы», «жер анасы, мал – баласы», «Жері байдың – елі бай» секілді мазмұнды мақалдарының мағынасын басқаларға ашып көрсетуге тырысты.

«Қазақ жері мәселесінің тарихы» атты шыққан еңбегі ұлттық мүддеде жазылуымен, деректерді терең талдау – сараптауымен, тарихи оқиғаларды шынайы көрсетуімен ерекшеленеді. Белгілі тарихшылар Т.Омарбеков, Ш.Омарбеков «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас» - атты монографиясында «Мәселенің бастауында – ақ мынаны айту керек: патша өкіметінің қоныстандыру саясатының себептерін жан – жақты талдаған Телжан Шонанұлы болды. Т.Шонанұлының ұлттық көзбен баға беру методологиясы біздің ойымызша, тарихи шындықты дәл және шынайы көрсетуге мүмкіндік береді» - деп атап көрсетеді[6]. Шонанұлының осы аталған еңбегіндегі «Болашақта қазақ жері қалай орналасу керек» деген тарауы автордың туған халқының тарихын терең біліп, аграрлық - әлеуметтік мәселелерді мемлекеттік жалпы халықтық деңгейде айқын бағдарлап, дер кезінде мәселе етіп көтергенінің бірден - бір дәлелі. «Қазақ еңбекшілерін жерге орналастыру 2 мерзімге бөлінуі керек, дейді – ол[7]. Әуелгісі – көп жылға арналған жалпы жол - яғни, қазақты бірте- бірте қоныстандырып, отырықшы қылу болса, екіншісі - сол мақсатқа жеткенше тұтынатын уақытша жол. Жалпы айтқанда шаруаның түрін кенеттен өзгертуге болмайды, онан шаруаға зияннан басқа пайда жоқ» деп тұжырымдайды ол.

Т.Шонанұлының осындай құнды пікірлерін сол кездегі кеңес үкіметінің бірмойын басшылары тыңдамақ түгіл, қаперіне де алмастан өз білгендерімен жасаған, «қазақты күшпен жаппай отырықшыландыру реформалары халықты орасан зор нәубетке - ашаршылыққа ұшыратып, қырғынға душар етті. Ал осы жағдайды ғылыми зерттеп, алдын - ала айтқан авторды кейінірек «аса қауіпті, зиянкес, ұлтшыл, халық жауы» деп репрессияға ұшыратып 1938 жылы көзін жойып жіберді[8].

Шонанұлының тарихқа байланысты қалдырған мұрасы бір ғана «Қазақ жер мәселесінің тарихы» еңбегімен шектелмеген. Мәселен, «Англия және басқа мемлекеттердің Кеңестік Ресейді тануы» (1927ж), «Ішкі, һәм сыртқы саяси хәлдер» (Қызыл Қазақстан 1924ж), «Отчет общества Киргизского края за 1924г», тағы басқа да еңбектері де талданып сарапталған, деректерге негізделген зерттеулер болып табылады. Телжанның тарихи мұралары жаңа зерттеулерге арқау болатын деректемелік негізі мол еңбектер. Жоғарыда атап өткеніміздей, Телжан Шонанұлының өзінің халқына арнап жасаған қызметтерінің ерекшелігі, оның санқырлылығы болып табылады. Телжан қазақ тілі білімінің, жалпы тіл білімінің орны бөлек маманы, шоқтығы биік, білімі терең, осы саладағы саусақпен санайтын біртуар ғалымның бірі екендігіне, оның Ахмет Байтұрсынов бастаған сол кездегі дарынды ғалымдар тобының қақ ортасынан орын алғандығына ешбір шек келтіруге болмайды[9]. Оның емле, әліпби, терминология жүйесі бойынша жарияланған еңбектері сол кезде одақ көлемінде түркітанушылар тарапынан лайықты бағасын алды.

Қазақ ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі, профессор, еліміздің белгілі библиографтарының бірі Ш. Сарыбаев Шонанұлының тіл білімі саласындағы еңбектерін 4 салаға жіктейді:

1. Әліппе оқулықтар - «Жаңалық» (1928 ж) «Сауаттан»(1929ж), «Колхоз ауылы» (1930ж., М. Жолдыбаевпен бірігіп жазған).

2. Бастауыш сыныптарға арналған – «Тіл дамыту» (1930ж), «Қазақ тілі» (граматика мен емле 1934 ж), «Жаңа арна» (1927 ж, М. Жолдыбаевпен бірігіп жазған).

3. Ересектерге арналған қазақ тілі оқулықтары: «шала сауатты ересектер үшін» оқу құралы 1928ж.

4. Орыстарға арналған қазақ тілі оқулықтары – «Орыстар үшін қазақша әліппе» (1931 ж.), «қазақ тілінің оқу құралы» (1933ж) «учебник казахского языка для взрослых» (1934ж). Жалпы көрнекті лингвист Телжан ағамыздың қаламынан туған оқулықтардың ұзын саны отыздан асады. Сондай-ақ, баспа жүзінде, газет журналда басылған жүзге тарта ғылыми мақалалары – бұл әзірге анықталғаны ғана. Қорытып айтқанда - А.Байтұрсынов, Қ. Жұбанов сияқты Т. Шонанұлы да қазақтың лингвистика ғылымының негізін салушылардың бірі еді[10].

Алаштың асыл азаматы Т. Шонанұлының тағы бір қыры - оның тәржіме саласында – аудармада қаламы жүйрік, ерекше тұлға болғандығында. Сол кездегі қазақ ұлты зиялылары: Ә. Бөкейханов Толстойды, Чеховті, үндістан жазушыларын, А.Байтұрсынов И. Крылов мысқылдарын қазақ тілінде сөйлетіп, халқына сыйға тартса, Шонанұлы да «Марксше тіл білімінің негіздері», Каменскидің «Ауылдағы кооперация туралы» кітабын, Н. Крупскаяның «Селодағы саяси ағарту жұмысы» (1925 ж.) атты шығармаларын қазақшалап, кедей шаруаның қажетіне жаратады. Сондай-ақ А. Богдановтың «Курс политэкономии» кітабын Д. Снегинмен бірігіп «Ұйғыр поэзиясы» кітабын, ұйғыршадан қазақшаға шебер жетік тілде аударып оқырмандарға жолдаған[11]. Телжанның жоғарыда айтылғандай бірнеше Шығыс халықтары тілдерін, орыс тілін жетік білгені өз алдына, сонымен бірге неміс тілінде сөйлей алған еді.

Сөйтіп, өткен ғасырдың соңында Пушкин мен Лермонтовтың еңбектерін аударып қазақ даласына таратқан Абай болса, Ахмет, Әлихан, Телжандар осы Абай мектебінің уызына қанған аудармашы - шәкірттері болды деуге толық негіз бар.

Өкінішке орай, 1937 жылы тоталитарлық басқару жүйесі ұйымдастырған террордың жазықсыз құрбаны болған қазақтың абзал азаматтарының бірқатары, оның ішінде өзіміз жариялап отырған Т.Шонанұлының есімімен, шығармашылық мұрасы да 60 жылға жуық тарихымыздың «ақтаңдақ беттерінің» қатарында тұрды. Тек соңғы 15-20 жыл бедерінде ғана оларды зерттеуге мүмкіндіктер туды.

Т.Шонанұлының мұрасын алғашқылардың бірі болып зерттеген профессор Ә. Тәкенов, зерттеуші Б.Байғалиев, болды. Олар 1995 жылы жоғарыда айтып өткендей ғалымның «Қазақ жері мәселесі тарихы» атты аса құнды тарихи еңбегін «Жер- тағдыры ел тағдыры» деген атпен оқырман қауымға ұсынды. Сонымен бірге олар Шонанұлына қатысты ұлттық қауіпсіздік комитетінде сақталған мұрағат құжаттарын ашып сөйлетті. Зерттеушілер Т.Шонанұлының жер мәселесіне байланысты іргелі зерттеуіне мынадай баға берді - «Біздің пікірімізше, жер мәселесін, переселен мәселесін тап Шонанұлындай бастан – аяқ, яғни XVII ғасырдан 1917 жылға дейін тұтас зерттеп, ондай ғылыми тұжырымдар жасаған автор болған жоқ. Кітапта ешқандай саясаттың табы байқалмайды, зерттеуші жерге қатысты мәліметтер негізінде таза ғылыми қорытынды жасайды, оқушысын қызықтырады, сендіреді» деген орынды пікір білдіріп, атап көрсетеді[12]. Аталған құжаттарды жеті жылдан соң орыс ғылымдары: Ф.Д. Ашнин, В.М. Алпатов, Д.М. Насиловта өз еңбектерінде атап өтеді. Оларда Т. Шонанұлының әдебиет, тіл, терминология салаларында және оқулықтар жазу ісінде атқарған жұмыстарын жоғары бағаланған.

Сондай-ақ тіл маманы Қ.С. Құлманов өз зерттеу еңбегінде ғалымды әдебиетші, көсемсөзші ғалым ретінде бағалап, мәдени – ағарту істері турасындағы мұраларын

зерттесе, Алаш зиялылары турасында қалам тартып жүрген ғалымдарымыздың бірі Д. Қамзабекұлы да өз еңбектерінде Т.Шонанұлын «азамат хәм ғалым» ретінде бағалап, оның мақалаларын 5 топқа бөліп көрсетті: 1. Тіл туралы еңбектері, 2. Тарих жөніндегі зерттеулер, 3. Әдебиет хақындағы ғылыми жұмыстары, 4. Жағрапия ғылымына арналған оқулықтары, 5. Жалпы көсемсөздік туындылары деп. Зерттеуші Ұ.Ысмағұлов Телжанның қазақ жері мәселесі бойынша жазған монографиясын осы тақырыптағы басқада ғалымдардың еңбектері ішіндегі «баға жетпес сый» деп бағалаған, оның еңбегінің әлі де болса толықтай бағаланбай жатқандығын атап өтеді.

Тарихшы Т.Омарбеков - «Алдағы уақытта Т.Шонанұлынан қалған тарихи мұраларды тарихнамалық тұрғыда талдау – қазақ тарихшыларының қасиетті міндеті» [13] – деп ғалым мұрасының маңызын, құндылығын көрсетіп, оларды сараптаудың аса қажет екендігін тағы да дәлелдей түседі. Сол себепті де халқымыздың біртуар ұлдарының бірі, ұлт мақтанышы атағына толық лайық тұлға, алаштың арысы жерлесіміз Т. Шонанұлының артында қалдырған мұраларын әлі де болса жан- жақты іздеп тауып, зерттеп, жинақтап халық алдында паш ету осы қазіргі кезеңгі көзі ашық азаматтарымыздың, ғылыми саладағы қызметкерлеріміздің, осы бәріміздің де қасиетті борышымыз, міндетіміз деп есептейміз.

Әдебиеттер

1. ТакеновӘ., БайғалиевБ., Телжан Шонанұлы. //Халық кеңесі газеті.- 01.09.1994.- №124.
2. ГлешовЕ., ҚамзабекұлыД.«Алаш» қозғалысы. –Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2008. – 173 б.
3. История Западного отделения Алаш – Орды. Сборник документов и материалов. Т.1., -Уральск, 2012.-С. 85 .
4. Ақтөбе энциклопедиясы. «Отандастар - Полиграфия» ЖШС баспаханасы. - Ақтөбе, 2001. -723 б.
5. Саланчина Н. Телжан Шонанұлы. //Қазақ тарихы.- 2006, №6. -71 б.
6. ОмарбековТ., ОмарбековШ. «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас». -Алматы: Қазақ университеті, 2004.- 217, 269 бб.
7. Телжан Шонанұлы. Қазақ жер мәселесінің тарихы. –Алматы: «Ел - шежіресі».- 2007 ж. -35 б.
8. ЕламановҚ. Шежірелі өңір.- Ақтөбе, 2002.- 275 б.
9. ҚұрманбековБ. Ырғыздың қилы тарихы.- Ақтөбе, 2010.- 84 б.
10. ҚойгелдиевМ.. «Алаш қозғалысы». – Алматы: «Санат», 1995.- 88 б.
11. Әбікенова Г. Т.Шонанұлы туралы зерттеулер.- Қазақ тарихы, 2005.- №5.
12. Қазақстан ұлттық энциклопедия. 9 том.- Алматы, 2007.- 532 – 533 б.
13. Тәкенов Ә., Байғалиев Б. Телжаннан қалған телегей мұра.// Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. – Алматы: Санат, 1995.- 210 б.
14. ОмарбековТ., ОмарбековШ. «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас». -Алматы: Қазақ университеті, 2004.- 165 б.

Санжар Асфендияровтың қоғамдық және ғылыми қызметі

А.М. Еспенбетова

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

В статье рассматривается жизнь и деятельность С.Асфендиярова, его вклад в развитии исторической науки и медицины.

The article examines S.Asfendiyarov's life and activities and his contribution to the development of historical science and medicine.

Ключевые слова: *интеллигенция, образование, историческая наука, медицина, наука, политика, общества*

Key words: *intelligentsia, education, historical science, medicine, science, politics, society*

Кеңес тарихында саяси қуғын-сүргін құрбандары болған қазақ зиялыларының қоғамдық қызметі объективті бағасын ала алмағаны бәрімізге аян. Ал қазіргі кезең - ұлт тарихындағы ақтандақ беттердің ашылуымен және оларды жан-жақты зерттелуімен сипатталады. Тарихтағы, халықтың алдында ешбір кінәлары жоқ, қанқұйлы саясаттың құрбандары болған мыңдаған аға-бауырларымызды еске түсіріп отыруды, бүгінгі ұрпақты имандылық пен ізгілікке, ұлтжандылық пен парасаттылыққа баулудың ақ жолы деп бағалауымыз керек. Еркін, демократиялық қоғам орнатып жатқан еліміздің қасиетті тарихы біздің ұрпағымызға анық та, айқын болуы керек. Осыған орай ХХ ғасырдың басындағы қазақ интеллигенттерінің бірі - Санжар Асфендияровтың өнегелі өмірін бүгінгі жас ұрпаққа насихаттау маңызды саналады.

Қазақстан мен Орта Азияның шоқ жұлдыздарының бірі Санжар Асфендияров 1889 жылы қазан айында Ташкент қаласында әскери тілмаш отбасында дүниеге келді. Санжардың әкесі оқыған, көзі ашық кісі екен. Ол (Жағыпар, Сейітжапар) – сұлтан, Әбілқайыр ханның үлкен ұлы Айшуақ ханның ұрпағынан тараған патша әскерінің полковнигі шенінде отставкаға шыққан, жарты ғасырдан астам уақыт Түркістан өлкесінде қызмет еткен қазақ қайраткері, анасының есімі – Гүландам Қасымова (кейбір болжамлар бойынша Кенесары Қасымовтың ұрпақтарынан тараған)[1].

Сейітжафардың төрт ұлы да Ташкент қаласындағы үздік оқу орындарының бірі болған реалды училищеде әр түрлі уақытта білім алған. 1898 жылы 16 қыркүйекте ротмистр Сейітжафар Асфендиярұлы Ташкент реалды училищесінің директоры А. Кедровтың атына хат жазып, өзінің 9 жасар ұлы Санжарды 1-ші даярлық сыныбына қабылдауды өтінеді. Сауатын үй жағдайында ашып, оқуға түсердің алдындағы арнайы сынақтан сүрінбей өткен Санжар реалды училищеге оқуға қабылданады.

1898-1900 жылдары 1-ші және 2-ші даярлық сыныптарында оқып, оқу жылының аяғында орыс тілі мен арифметика пәндерінен емтихандарын ойдағыдай тапсырған соң, Санжар училищенің 1-ші негізгі сыныбына оқуға қабылданады.

Училище қабырғасында оқып жүрген жылдары Санжар сыныптас құрбы-құрдастарынан өзінің зеректігімен, әдептілігімен, ұқыптылығымен және білім алуға деген құштарлығымен ерекшеленді. Санжардың сүйіп оқыған пәндерінің қатарында тарих және математикалық география болды. Кейінгі жылдары профессор С. Асфендияров өзінің дәрігерден тарихшыға ауысуына келесідей факторлар әсер еткендігін еске алған, біріншіден, реалды училищеде оқып жүрген кезде-ақ ол тарихты біліп, тануға үлкен қызығушылық танытқан, екіншіден, Санжардың әкесі Сейітжафар қызмет бабымен жиі шет елдерге сапар шегіп, олардан тарихи мазмұндағы кітаптар мен әр түрлі

материалдарды алып келетін. Осы кітаптарды оқу және материалдармен мұқият танысу жас Санжардың ой-өрісін кеңейтіп қана қоймай, ойлау қабілетінің дамуына да әсер етті. Үшіншіден, бірінші дүние жүзілік соғыстың тұтқынынан босап шығып, туған жеріне қайтып оралғаннан кейін Санжар біраз уақыт өзінің нашарлаған денсаулығына байланысты медициналық қызметті атқара алмай, емделуге мәжбүр болды. Осы уақытта Санжар әкесінің үйінде жинақталған бай кітапханадағы әр түрлі тілдерде жазылған тарихи кітаптарды оқу арқылы туған халқының тарихымен жіті танысады. Өзінің маманданған түрде тарих ғылымымен айналысуға итермелеген себептерді қорытындылай келе С. Асфендияров былай дейді: «Адам баласы қандай мамандыққа ие болмасын ол әрқашан да, өз туған халқының тарихын білуге ұмтылады. Егер тарихты білу танымның шеңберін кеңейтсе, тарихи сана адамның да, ол өмір сүріп отырған қоғамның да мәдени деңгейін сипаттап, бейнелей алады» [2].

1907 жылы училищені, 1912 жылы Петербургтағы әскери-дәрігерлік академияны бітіріп шығады. Санжар онда әскери министрліктің теңіз ведомоствосының стипендиясына оқып, 4 жыл қатардағы әскерде қызмет етуге міндеттелінді.

Санжар өз әскери-медициналық қызметін Түркістан генерал-губернаторлығы мен Бұқара әмірлігінің шекарасындағы Термез мекенінде жергілікті лазаретте кіші дәрігер ретінде бастап, 10-шы Түркістан атқыштар полкына бекітілді. Кейін 9-шы атқыштар полкының аға дәрігер қызметкерінің міндеттерін уақытша атқарушы қызметіне ауысып, Самарқандта және Ашхабадта шоғырланған атқыштар полктарында дәрігерлік қызметпен айналысады. 1914 жылы тамызда Санжар 5-ші Түркістан атқыштар полкының аға дәрігері қызметінде I дүниежүзілік соғыстың Шығыс майданына аттандырылады. Осы майданда 1914 жылдың қыркүйек-желтоқсан айларында орын алған ұрыстарда Санжар жараланған және науқас болған сарбаздарға медициналық көмек көрсетумен айналысты. 1914 жылы желтоқсанда жоғары әскери басшылықтың өрескел қателіктерді жіберу салдарынан 5-ші Түркістан атқыштар полкы Лоздь (қазіргі Польшаның ірі қалаларының бірі, ол уақытта Шығыс Пруссия территориясында орналасқан) неміс қоршауына түсіп, басына ауыр жарақат алған Санжар жау тұтқынына түседі. Неміс тұтқынында Санжар патша үкіметі тағдырдың тәлкегіне тастаған мыңдаған жауынгерлердің қатаң тағдырына ортақтасып, күрделі санитарлық жағдайларда имитацияланған лазареттерде медициналық қызметпен шұғылданып, Торн, Кутно, Александровка концентрационды лагерьлерінде бір жылға жуық уақыт өткізеді. 1915 жылдың аяғында Қызыл Кресттің тұтқындармен алмасу бағытында жүргізген қажырлы еңбегінің көмегімен, Балтық теңізі арқылы алдымен Швеция, сосын темір жол арқылы Санкт-Петербургқа қайтып оралады. Астанада неміс тұтқынына амалсыздан түскен жауынгерлердің қатаң бақылауға алған патшаның күзет орындары оларды сенімсіз элементтер ретінде қара тізімге қосты. Арнайы медициналық қараудан өтіп, денсаулығы нашар деп танылған Санжар Түркістан әскери-медициналық басқарманың резервіне жіберіліп, 1919 жылы қаңтардың басында Ташкентке қайта оралады.

Ақпан төңкерісінен кейін С.Асфендияров Термездегі және Бұхарадағы Кеңестердің жұмысына қатысады. Ташкент облыстық, ал онан кейін жұмысшылар мен жауынгерлердің округтік Кеңесіне сайланады. Ташкентте ол мұсылман жұмысшы депутаттарының алғашқы Кеңесінің ұйымына мүше болады. Каспий жағалауы майданындағы соғысқа қатысқан. 1917 жылы Бұхардағы мұсылман қозғалысына белсене араласты. Сол жылғы қараша айында Түркістан автономиясын жариялаған Мұсылман депутаттарының төтенше съезіне қатысты.

1918-19 жылдары С.Асфендияров аштықпен күрес жөніндегі төтенше комиссиясының Сырдария облысы бөлімшесін басқарды, 1919 жылы Асфендияров – денсаулық сақтау халық комиссары, 1920 жылы Түркістан АКСР көгеріс су шаруашылығының халық комиссары болып тағайындалады. Сол жылы қыркүйекте Т.Рысқұловтың шақыруымен Ташкентке келіп, Түркістан АКСР-інің Денсаулық сақтау халкомы, жер халкомы, Түркістан Компартиясы ОК-нің хатшысы қызметтерін атқарды. Ұлттық-аумақтық

межелеу тұсында(1924-25 жылы) Ортаазиялық Федерация құру идеясын ұстанды. 1924-25 жылдары Қазақ АКСР-інің Өзбек АКСР-і үкіметі жанындағы өкілеті, 1925-28 жылы Мәскеуде – БОАК-нің Төралқа мүшесі хатшысының (А.Енукидзениң) орынбасары, МГУ-дің профессор Н.Нариманов атындағы Шығыстану институтының директоры болды. 1928 жылдан бастап ол Қазақстанда еңбек етті: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті болып қайта құрылған Қазақ мемлекеттік университетінің алғашқы ректоры (1928-31), Қазақ АКСР-і Денсаулық сақтау халкомы, Алматы медицина институтының ұйымдастырушысы және тұңғыш ректоры (1931-33) қызметтерін атқарды[3]. С.Асфендияров осы институтта жалпы химия, биология, физика, пәндерімен бірге анатомия, қалыпты физиология, ішкі аурулар, гистология, микробиология, фармакология, биологиялық-химия, гигиена бөлімдерін және хирург кафедраларын ашты. Асфендияров жұқпалы аурулармен күреске, аурулар мен індеттердің алдын алу шараларына, халыққа ақысыз дәрігерлік көмек көрсету жұмыстарын жолға қоюға көп еңбек сіңірді. Халық арасында жиі кездесетін туберкулез, шешек, оба, сүзек, тері ауруларына қарсы медициналық көмек ісін ұйымдастырды. Орта дәрежелі оқу орындарында, қысқа мерзімді арнаулы курстарда әртүрлі буындағы медицина мамандарын көптеп даярлауға күш салды.

С.Ж.Асфендияров – Қазақстан Ғылым академиясының негізін салушылардың бірі. 1932 жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақстандағы базасы (кейін - филиал) құрылған кезде Асфендияров академиктер А.Н.Самойлович, Б.А.Келлермен қатар Президиум мүшелігіне кіріп әрі төрағаның орынбасары болды. Ол тікелей тарихи-археологиялық комиссияны, қазақ сөздігі комиссиясын басқарды, сонымен бірге Ұлт мәдениетін ғылыми зерттеу институтының тарих секторын меңгерді.

Қазақ халқының тұңғыш тарихшы профессорының ғылымға қосқан үлесі өте өнімді және Қазақстан тарихымен тікелей айналысқан мерзімі оның өмірінің тек соңғы он жылдығына ғана (1928-1937) тиесілі. Қыруар міндеттерді атқара жүріп, С.Асфендияров көлемді еңбектер жазып үлгерді. Ол «Прошлое Казахстана в источниках и материалах» деп аталатын құжаттар жинағының екі томын, «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс», «Қазақстан тарихы (1 том)» монографияларын 1935-1936 жылы жарыққа шығарып үлгерді[4].

С.Ж.Асфендияров 20- жылдардың орта шенінде-ақ тарихпен айналысты, ғылымның ұйымдастырушысы болып, Қазақстанда тарих ғылымының қалыптасу кезеңінде бірқатар ғылыми құрылымдарды басқарды. Ол – тарихтан алғашқы профессор қазақ, Ғылым академиясының 1932 жылы наурыз айында құрылған Қазақстан базасы төрағасының орынбасары болды, оған дейін Қазақ Ұлттық мәдениет ғылыми-зерттеу институтының тарих-археология секторын басқарды. Профессор П.А.Кунтемен бірге С.Ж.Асфендияров Қазақстан мен Орта Азияның тарихы жөніндекөне, шығыс және жылнама деректемелерінен алынған материалдар жинағын әзірлеп, 1935 жылы бастырып шығарды. Жинақ қазақтардың тарихи өткен заманы туралы сол кездегі мәліметтерді толықтыра түсті, қазақтардың тарихын, мәдениеті мен тұрмысын, олардың көршілес халықтармен және мемлекеттермен экономикалық, саяси және мәдени байланыстарын қайта қарауға негіз болды. Ғалым қазақтар тарихын суреттеп, бұл проблемаларды шешуге ұмтылыс жасады.

С.Ж.Асфендияровтың монографиясында көшпелі халықтардың тарихы жоқ екендігі, артта қалғандығы, олардың қоғамдық құрылысын рулық құрылыс деп бағалау туралы концепция теріске шығарылған. Көшпелі қазақ қоғамының қоғамдық құрылымы басқа да отырықшы және көшпелі халықтарға тән таптық, феодалдық құрылым ретінде көрсетілген. Асфендияров таптық қанау мақсатында пайдаланылатын рулық сарқыншақтардың сақталуын көшпелі халықтардағы феодалдық қатынастардың ерекшелігі деп санаған. Оның пікірінше, шаруашылық үлгісі – көшпелі мал шаруашылығы – жеке шаруашылықтың дамуына мүмкіндік бермейді; малға жеке меншік жағдайында жайылымды пайдаланудың қауымдық нысаны сақталып қалады. Шаруашылық қажеттері

рудың, рулық қауымның, патриархаттық отбасының сақталуына әкеп соқты. Бірақ бұл рулық институттар түбірінен өзгеріп, олар әлдеқашан туындаған таптық қатынастарды көрсетеді[5].

Сол кезде одақтық тарих ғылымында шығыс қоғамдарының әлеуметтік-экономикалық құрылысы, «азиялық өндіріс әдісі» туралы пікірсайыс жүріп жатты. С.Ж.Асфендияров тарихнамаға пікірсайыс проблемаларының өз түсінігін енгізді, Азияның ерекше Шығыстық жолы тұжырымдамасының негізсіздігін көрсетті, К.Маркстің «азиялық өндіріс әдісі» түсінігін теріс түсіндіруіне тоқталды. Ол Б.Я.Владимирцовтың Монғолия қоғамдық құрылысын «монғолдың көшпелі феодализмі» деген «сәтсіз» анықтамасымен де келіспеді. Кейінгі кезеңде де «көшпелі феодализм» теориясы сынға алынды.

Кітап ұзақ жылдар бойы жабулы ұсталғандықтан, оған сілтеме жасалмаса да, С.Ж.Асфендияровтың көшпелі қазақтардың қоғамдық құрылысына көзқарасының көп ізбасарлары болды. Қазақ халқының шығу тегі және қазақ мемлекетінің пайда болу проблемаларын С.Ж.Асфендияров басқа да түрік халықтары дамуындағы нақ сондай проблемалармен байланыстыра қарады. Үш жүздің құрылуын ол саяси бірігуге кедергі жасаған, табиғи-географиялық үш өлкеде дамыған көшпелі шаруашылықтың тарихи жағдайларымен дәлелдеп түсіндірді.

Бірқатар орыс авторларының көшпелі халықтарда «тарих жоқ екендігі» туралы, олардың өз дамуында рулық құрылыс пен алғашқы қауымдық шаруашылық деңгейінен аса алмағандығы туралы ұлы державалық пиғылдарын да, жергілікті авторлардың қазақ қоғамы тарихы жолының ерекшелігі туралы, онда таптық антогонизмнің жоқ екендігі, «түрік-монғол нәсілінің ұлы рөлі» туралы көзқарастарын да теріске шығаруға орынды әрекет жасай отырып, С.Ж.Асфендияров өз кезегінде саяси тұрғыдан көшпелілер өмірінің келеңсіз жақтарын ерекше атап көрсетті, оның пікірінше, олардың өмірі халық бұқарасын феодалдық-рулық үстем таптың талап-тонауы мен қанауына, рулық бірлестіктер арасындағы қантөгісті күреске ғана толы болған.

Профессор Асфендияров өз заманында теориялық-методологиялық дүниетанымы кен, ғылыми көзқарастары мен концепциялары толыққан ғалым болған. Ол ағылшын, француз, неміс және бірнеше шығыс тілдерін еркін меңгеріп, әлем тарихы проблемаларын терең білген, біліктілігімен өз тұтастарын таң қалдырған ғұлама. Мысалы, оның ислам тарихы, көшпелі халықтар проблемаларына байланысты еңбектері мен айтқан ой-пікірлері жоғарғы ғылыми дәрежеде болған.

Профессор С. Асфендияров Қазақстан тарихының негізін қалағанын және оны орта мектептер мен жоғары оқу орындарында оқыту ісін қолға алғанын ерекше атауымыз керек. Ол Қазақстан тарихын түгел қамтып, оны бір жүйеге келтірді, бірақ «Қазақстан тарихының» 2 томын (Кеңес дәуірін) жазып үлгермеді. 1937 жылы С. Асфендияров халық жауы деген арнайы ұйымдастырылған жаламен заңсыз тұтқындалып, 49 мүшел жасына қарағанда мерт болды. Оның «Қазақстан тарихы» (орыс тілінде жазылған) 1993 жылы «Қазақ университеті» (қазіргі «Санат») баспасында екінші рет басылып, оқушы қауыммен қауышқан болатын[6].

XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы сталиндік зобалаң қазақтың талай зиялыларының өмірін көктей солдырды, қуғын-сүргінге ұшыратты. Халыққа қалтқысыз қызмет етудің үздік үлгісін көрсетіп жүргендердің талайларының ішінде Санжар Асфендияровқа да жазықсыз айып тағылып репрессиялық қатыгез жаза қолданылды.

С.Асфендияровтың Қазақстан оқу орындарын, ғылымын, мәдениетін дамытудағы еңбегі өте зор. Ол 1928-1931 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің іргетасын қаласып, оның тұңғыш ректоры болды. 1931 жылы ҚазМУ Қазақ педагогикалық институты (қазіргі Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті) болып қайта құрылғаннан кейін Асфендиоров қазақ мемлекеттік медицина институтының тұңғыш ректоры болды. Бұл институт бүгінде С.Ж.Асфендияровтың есімімен аталады. Санжар Асфендияровтың Ресейдің Қазақстанды жаулап алуы жөнінде ашық айтылған отаршылдықты әшкерелеген тарихи шығармаларын оқуға тыйым салынды.

С.Асфендияров – жалған жаламен ату жазасына кесілді. Жұбайы Рабиға да ҚарЛИАГ-та 5 жыл айдауда болды. Асфендияров 1958 жылы 26 мамырда ақталды. 1989 жылы Алматы медицина институтына Асфендияров есімі берілді.

СанжарАсфендияровтыңсанқилыөмірі,тарихпенмедицинағылымдарындақалдырған өшпесмұраларыҚазақстантарихындаөзіндікерекшеліктеріменорыналады. Сондықтан да қоғам қайраткері, ұлт жанашыры ғалымның қызметтік өмір жолын әлі де терең зерттеп, қалың оқырманға таныту жалғаса бермек.

Әдебиеттер

1. Жүнісбаев А. Санжар Асфендияров: өмірі мен қызметі (1889-1938 жж.). Т. 1: (1889-1918). –Алматы: "Елтанымбаспасы", 2014. - 256 + 12 бет суреттіжапсырма. (Монография).
2. www.alash-orda.kz.
3. Жүнісбаев А.Ә. Санжар Асфендияров – Императорлық әскери-медициналық академияның студенті (1907-1912 жж.) (Санжар Асфендияров - студент Императорской военно-медицинской академии) // - Қазақстанмұрағаттары. - 2011. - №2 (18). – Астана, 2011. – 115-122 бб.
4. Асфендияров С. Қазақстантарихыныңочерктері (Оқуқұралы). – Алматы, «Санат», 1994. – 120 б.
- 5.Қазақстан тарихы (көнезаманнанбүгінгедейін). Бес томдық. 2 том. – Алматы: «Атамұра», 1998. – 640 б.
6. Жүнісбаев А.Ә. Санжар Асфендияров – әскеридәрігер (Санжар Асфендияров - военный врач) // – Қоғамжәнедәуір. – 2011. – №4. – 128-144 бб.

УДК 950 574

Қазақ даласында енгізілген дистанциялық жүйенің отаршылдық сипаты

А.М. Еспенбетова, С. Оразбай

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

В статье рассматривается колониальный характер дистанционной системы, внедренной в ходе проведения административно-территориальной реформы для казахской степи в XIX веке.

The article examines the colonial character of the remote system, introduced in the course of implementing the administrative and territorial reform in the Kazakh steppe in the nineteenth century.

Ключевые слова: *реформа, колонизация, система управления, дистанционная система.*
Key words: *reform, colonization, control system, remote system.*

XIX ғасыр Қазақстан үшін Ресей империясының отаршылдық саясатының күшеюімен сипатталады. Патшалық үкіметтің отарлау саясаты түрлі әкімшілік-аумақтық шараларды жүзеге асыру арқылы жүзеге асты. Сондықтан да, қазақ халқының бірнеше ғасырлық дәстүрлі әлеуметтік саяси құрылымын өзгерткен осы кезеңдегі шараларды зерттеп тану міндеті туындайды.

Ресей империясының XIX ғ. I жартысындағы қазақ жерінде әкімшілік-аумақтық реформаларын жүзеге асыруда «Сібір қырғыздары туралы Жарғыдан» кейін 1824 жылы «Орынбор қырғыздарын басқару туралы Ережені» (қазақтар -Е.А.) қабылдады. Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарының бір бөлігін басқаруда бұл Ереженің маңызы зор болды. Орынбор қазақтарын басқару туралы Ережеден кейін Кіші жүзде хандық билік жойылды, Орынбор ведомствосына қарасты қазақ даласы үш алқапқа - батыс, орта және шығысқа бөлінді және басқарудың жаңа түрі – билеуші-сұлтандар билігі орнады. Үш алқапты басқаруға сол кездегі беделді сұлтандар тағайындалды

Орталық үкімет XIX ғ. 20-30 жж. Орынбор өлкесіндегі әкімшілік саясаттың барысын қорытындылай отырып, осы жылдарда жүзеге асырылған шаралар: хандық биліктің жойылуы, жердің 3 алқапқа бөлінуі, әкімшілік әрекеттің нығаюының жағымды нәтижелерге қол жеткізгендігі және оның ылғи да табысты болмағандығын атап көрсетті. Сонымен бірге Ресейдің Азиаттық аймақтағы саяси мүдделеріне сай Орынбор өлкесіндегі биліктің нығайту қажеттілігін көрсетті. Қазақ жерінің Каспий, Арал теңіздеріне, Хиуа мен Қоқан хандықтарының шекарасына жақындығы, Сырдария мен Амударияның маңызы, осы бағыттағы стратегиялық жоспарлардың іске асуын қамтамасыз етуде, қандай да бір қазақтар тарапынан қарсылықтар болса, оның алдын алу үшін қазақтардың Ресейге түпкілікті бағынуын талап етті. Осы мақсатпен патша үкіметі Орынбор өлкесіне казактар мен орыс шаруаларын, Ресейдің ішкі губернияларынан саудагерлерді қоныстандыра отырып, қазақ даласында әскери бекіністер тұрғызды. Сонымен қатар, Орынбор әкімшілігінің маңызы мен мүмкіндігін кеңейтіп, күшейтуге арналған шаралар жасалды. 1828 ж. Орынбор Шекаралық Комиссиясының жаңа штаты бекітілді және оның шығындарына жіберілетін қаражаты бес есе көбейтілді. Ол бойынша 1828 ж. жылына 55540 сом ассигнация жұмсалды (1818 ж. 117000 сом ассигнация жұмсалған болатын). 1836 ж. 16 шілдеде жарлық бойынша Шекаралық Комиссия Орынбор губерниясындағы Ресей тұрғындары мен қазақтар арасындағы азаматтық және қылмыстық істерді шешуге құқылы болды. 1837 ж. Орынбор әскери губернаторына Орынбор ведомствосына қарасты қазақтарға қатысты мәселелерді (әскери теңіздік істер, кісі өліміне айыптыны жазалау, орыстарды тонау мен зәбір беру қылмыстары, т.б.) шешуге құқық берілді. Орынбор өлкесіне орыстардың лек-легімен қоныстануы, олардың қазақтармен қарым-қатынасы, 1824 ж. заң ережелерінің шептік басқарма бойынша толық жауап бере алмауы, дала аймақтарындағы басқару жағдайындағы айырмашылықтар басқарудың жаңа тәртібімен жаңа инстанцияларды жасауды талап етті. Сөйтіп, 1831 ж. Орынбор әскери губернаторы Сухтелен «дистанциялық басқару» деп аталған жүйені енгізді. 1831 жылға дейін үш бөліктің қазақтары шартты түрде шепке жақын жердің қазақтары және қырдың қазақтары деп бөлінді. 1831 жылдан бастап өздерінің қоныстары мен шекара өңіріне іргелес жатқан халық арасында әкімшілік учаске- дистанциялар ұйымдастырылды. Дистанцияның ішінен неғұрлым шағын басқару бірліктері — әрбір форпос мен отрядқа қарама-қарсы орналасқан старшындықтар (жергілікті жерлер немесе ауылдар) құрылды.

Дистанциялар әкімшілік ауылдардан тұрды, дистанцияны - дистанциялық басқарушылар, ауылды - ауылдық басқармалар басқарды. Шекара шебімен шектесіп, Атыраудың Звериноголов бекінісіне дейінгі аралықты алып жатқан барлық көші-қон жерлер 32 учаскеден - дистанциялардан тұрды. Жерді дистанцияларға бөлу қазақ халқы арасындағы ру-ру болып көшіп қону жайын есепке алмастан жүргізілді де, қазақтарға үлкен қиындықтар туғызды.

Дистанциядағы билік билеуші сұлтандарға бағынды және қазақ қауымынан шыққан шонжарлар арасынан тағайындалған старшындар арқылы басқарылды. Бұл реформалар қазақтардың тәуелсіздігінің соңғы қалдықтарын жоюға алып келді.

Орынбор Шекаралық Комиссиясының төрағасы Г.Ф. Генс дистанция бастықтарының міндеттері көрсетілген бірнеше баптан тұратын ережелерді ұсынды[1,25-27пп.]. Онда мынадай мәселелер айтылды: 1) дистанцияға қарсы жатқан жерлердегі қазақ рулары мен

ру бөлімшелерінің әр түрлі болуына қарамастан барлығын түгелдей басқару; 2) егер белгіленген аймақ ішінде басқаруға бағынғысы келмеген қазақтар болса, оларды басқа аймаққа, басқа билеушінің қол астына жіберуге болады; 3) белгіленген территорияға басқарушының рұқсатынсыз келуге тыйым салынады; 4) қарамағындағы қазақтардың мінез-құлқы, жасаған тәртіпсіздіктеріне басқарушы жауап беріп отырады; 5) егер де біреулердің қаскүнемдік жасауға бет алғанын байқаса, онда уақыт оздырмастан дистанция басқарушысына хабарлануы тиіс.

Ереженің 10-пунктінде көрсетілгеніндей қоластындағы тұрғындардан кімде-кім теріс мінез-қылық көрсетіп, сенімсіз күдікті адамдармен байланыс жасап, басқаларға мазасыздық әкелсе, оны бұл жерден кетуіне жағдай жасау үшін дистанция бастықтарына дереу хабарлауы, ал ұрлық жасап, басқа да зорлықшыл әрекеттер жасаушылар болса, шептік бастықтарға мәлімдеуі қажет болды. Ру аралық талас-тартыстар бола қалса, оларды татуластыру міндеті де дистанция бастықтарына жүктелді, ал егер де жанжалды тоқтату мүмкін болмаса, онда кінәлілерді Орынбор Шекаралық Комиссиясына хабарлап отыруға міндетті болды[2,17п.].

Дистанциялық құрылым кейін далалық аудандарға тарады. 1839 жылы мұндай бөлініс Жаңа шепке қарсы орналасқан көшпелі қазақтар арасында жүргізілді. 1840 жылы дистанциялық бөлініс Александров бекінісі ауданындағы Адай руларына тарады [3,305б.].

XIX ғасырдың ортасына таман 54 дистанция ашылды. Дистанциялар халықтың территориялық жағынан бөлінуі негізінде құрылды, тек шеп бойындағы дистанцияларда ғана ру топтарының араласуы едәуір дәрежеде болды. Дистанциялардың құрылу себептері Шекаралық комиссияның Орынбор қазақтарын басқару туралы 1841 жылғы есебінде және 1846 жылғы 24 июльде Сыртқы істер министрлігіне жолданған «Әскери бекіністер мен Орынбор шекаралық комиссиясы бастықтарының құқықтары мен міндеттері туралы» Орынбор шекаралық комиссиясының басқарушысы генерал М. В. Ладыженскийдің хатында егжей-тегжейлі түсіндірілген. Олардан патша үкіметінің қырдың шалғайынан бекіністер салуды асығыс іс деп есептегендігі, ал «Сенімді дистанция бастықтарын» тағайындауды уақытша шара деп қарағандығы аңғарылды. Мұның өзі Орынбор әкімшілігіне Қазақ даласындағы істің жайын бақылауға, жыл сайынғы әр үйден жиналатын алым-салықты реттеуіне мүмкіндік берді. Дистанциялық жүйе Кіші жүзде 1831 жылдан 1868 жылға дейін сақталып келді. 37 жыл ішінде дистанциялардың саны, көлемі, олардағы рулар мен бөлімшелердің орналасуы, сондай-ақ халқының саны өзгеріп отырды.

Дистанциялық жүйені енгізудегі басты мақсат- осы аумақтағы қазақтарды Орынбор әскери губернаторының билігінде ұстау болды. Осы жүйені енгізуге әскери полициялық қысымшылық әдістері кері әсерін тигізді. Бұл 1837 салық жүйесінің құрылуына негіз болды. Алғашында салықты тек шеп бойындағы қазақтар төлеуге тиіс болды, кейін 1837 жылы Ресей үкіметі жарлығымен мемлекет жерінде көшіп қонғаны және пайдаланғаны үшін Кіші жүздің әрбір шаңырақ басы 1 сом 50 тиын көлемінде тұрақты түтін салығын төлеуге тиіс болды. Уақыт өте келе бұл салықты Жайықтың арғы жағындағы қазақтарға салды. Салықтардың жиналуын жергілікті басқарушылар қадағалап, оны Шекаралық Комиссияға табыстап отырды. Патша үкіметі түтін басы салығының орнына заттай өнімдер де алып тұрды. Салықтарды жинау кезінде Ресей үкіметі тарапынан қазақ халқының сауатсыздығын пайдаланып, пайда көрушілік, паракорлық және басқа да теріс заңсыз іс-әрекеттер болған. Мұндай жағдайлар қазақтар арасында наразылық туғызды. Ресейдің казак әскерлеріне көлік ретінде пайдалануға жылқы малынан жиналатын алым үшін патша үкіметіне қазақ халқы түтін басы салығынан өзге 100 бас малға бір бас алым төлеп, «жасак» деп аталған заттай салық төлеп отырды.

Осындай шараларды жүзеге асыруда ауыл бастықтарының саны көбейтілді. Деректерде келтірілгендей, «Нақ осы мақсатпен, атап айтқанда, жақсылап қадағалау үшін» қазақтардың ауыл бастықтарының саны көбейтілді, олар өз міндеттерін, басқа

шендегілерден айырмашылығы әсте де жалақы үшін емес, өз міндеттерін орындауда ынтасымен және іскерлігімен көзге түскендерге берілетін «награда» үшін орындайтын» [4,-Б.187.]. Шекаралық комиссия жөнінен «үкіметке қызмет көрсеткен немесе ерекше адалдығымен көзге түскен қазақтарға сондай зейнетақылар мен бір жолғы жәрдемақылар төлеу» үшін арнаулы зейнетақы капиталын құруды да сондай шараларға жатқызу керек» [4,-Б.194.].

Ереженің 46 параграфында билеуші-сұлтандар мен оларға бағынышты дистанциялық және ауылдық қазақ басшыларының төмендегідей міндеттемелері көрсетілді: қазақтардың тәртібі туралы бақылау, оларды тәртіпте ұстау, адал болуын және үкіметке бағынышты болуын қадағалау, халықтың қоныстануы туралы сенімді мағлұматтар беру, үйлер саны және қазақтардың иелігіндегі малдары және комиссия бекіткен барлық міндеттердің орындалуы туралы хабарлау [5,-Б.206].

Билеуші-сұлтандар өз беделімен және қарамағындағы аймақтағы барымта мен билікке бойсұғынбаушылықтарды жоюға міндетті болды.

Орынбор қазақтарын жекелеп басқаруды билеуші-сұлтан, дистанциялық бастықтар және ауыл бастықтары құрады. Осы Ережеден соң дистанциялық құрылым барлық қазақ даласына таралды. XIX ғ. бірінші жартысында Кіші жүзде 54 дистанция болды. Дистанция бастықтары бірнеше разрядқа бөлінді. 14 параграфта дистанция бастықтарының саны 75 болуы керек және олар түрлі разрядтарға бөлінеді, әрбір разрядқа бөлуді Орынбор генерал губернаторы анықтайды деп көрсетілді. Дистанциялар территориясы бойынша үш разрядқа бөлінді: бірінші разрядтағы бастықтардың саны- 14 болды, олар жылына -75 сом күміс ақша, екінші разрядтағылар (саны- 13) 50 сом күміс ақша, үшінші разрядтағы дистанцияның саны- 27 болды, басқарушысы -30 сом, іс жүргізушісі- 20 сом күміс ақша алды. Барлығына жылына 3 660 сом күміс ақша жұмсалды [6,-С.67.].

Дистанция бастықтары билеуші-сұлтандарға тікелей бағынды және олардың жанында іс жүргізушісі болды. Оларға барлық қазақ даласында штат бойынша барлығы 6000 сом жұмсалды. Дистанция бастықтарына ауылдық басқарушылар мен жергілікті билеушілер бағынды, бірақ оларға белгілі бір ақша төленбеді, тек жыл сайын 6000 сом күміс ақша шегінде марапаттаулар жасалды.

Дистанциялар үш разрядқа төмендегідей бөлінген: Батыс алқапқа Гурьевтен Изобильный станциясына дейін реттік нөмірі бойынша 1-8 дистанциялары енді, бұл дистанцияларға барлығы 57 елді мекен қарады. Орта алқапта Изобильныйдан Урлядин станицасына дейін 9-18 дистанциялар және № № 23, 24, 25, 28, 29, 30, 31, 54, 56, 57 дистанциялары кірді, яғни барлығы 20 дистанция, оларда 104 елді мекен болды. Шығыс алқапта № № 19, 20, 21, 22, 26, 27, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 53, 55 барлығы 28 дистанция, онда 93 елді мекен болды, кейін № 52 дистанция жойылды [6,-С.263.].

Әрине ол кезде мұндай дистанцияларға бөліну ешқандай белгілермен белгіленбеді, территория белгілі бір учаскеге, дистанцияға жақын орналасуымен анықталды. Дегенмен де, қазақтардың ылғи да көшіп қонып жүруі басқарушылардың бақылауынан тыс қалушылығын байқатты және қазақ даласының алыс жатқан мекендері дистанцияларға бөлінбеді. Сөйтіп көшпелі қазақ қоғамының дәстүрлі тайпалық бірлестіктерге бағынушылық, яғни, өз ру басқарушыларына бағыну сақталды. Осылайша басқарудың екінші түрі етек алды. Осы жылдары ру басқарушылары мен ру бөлімшелерінің басқарушылар саны төмендегідей: батыс алқапта – 89; орта алқапта – 9; шығыс алқапта - 9 ру мен бөлімше басқарушылары болды. Бұдан, территориялық жағынан әлсіз бөлінген батыс алқапта рулық басқарудың басымдылығы байқалады. Ру мен ауыл бөлімшелерін басқарушылары, болыс басқарушы шенеуніктері сияқты жоғарыдан тағайындалды, кейде халық сайлауымен де сайланды.

Дистанциялар ауылдарға бөлінді. Кіші жүздің ауылдары 50-70 шаңырақтан құралған Орта жүз ауылдарынан өзгеше болды. Мысалы, № 57-ші дистанцияға қарасты Жанак бидің ауылында 1855 жылы 157 үй болса, осы дистанцияның басқа Таңатар би басқарған

ауылында 556 үй болған. Адай руында құрылған дистанцияда 10 әкімшілік бірлестік құрылды, оның әрбір ауылына орта есеппен 600 шаруашылықтан келді[7,-С.206.]. Дистанция мен ауылдың көлемі Ережеде қарастырылмады. 1844 жылғы ереженің 15 параграфы бойынша ауыл бастықтарының саны белгіленбеді, оны әскери губернатор жағдайға қарай анықтайды деп көрсетілді[8,-Б.378.]. Дистанциялар мен әкімшілік ауылдарын ұйымдастыру бұрынғы ру бастықтарының билігін шектегенімен толық жойған жоқ. Ру билеушілері рулардың бәрінде бірдей болған жоқ, бірақ әрбір бөлім мен бөлімшенің әрқайсысында дерлік оны басқаратын билер мен старшындар болды. Олардың біразы дистанциялар мен старшындар ұйымдастырылған кезде ресми лауазымдар алды, ал енді біразы ру бастықтары жағдайында қала берді. Орынбор шекаралық комиссиясының мәліметтері бойынша, 241 ресми ру бастығына 107 ресми емес ру бастығынан келді. Бұған шаруашылық ауылдарының көптеген старейшиналары кірмеді, өйткені олар рулардың бөлімдері мен бөлімшелерінің старшыналарына бағынды. 30—40-шы жылдары билеуші-сұлтандар мен дистанциялық бастықтар арасында ру билеушілерін ресми басқаруға тарту мақсатында жаңа әкімшілік буын құруға әрекет жасалды. Ауыл старшындарынан бастап билеуші-сұлтандарға дейін Кіші жүздегі барлық лауазымды адамдарды Орынбор генерал-губернаторы тағайындап отырды. Мұнда сайлау системасы болмады. Сонымен, Орынбор әкімшілігі қарастырылып отырған кезеңде қазақ жерін басқаруда өз қызметінде аяқталмаған дұрыс талқыланбаған заң ережелерін басшылыққа алды. Ол қазақ жерінде әкімшілік-территориялық өзгеріс енгізу және қазақ халқының белгілі бір тобынан алғашқы басқару аппаратын құруды көздеген әскери губернатор Эссеннің шараларын жүзеге асырған орталық үкіметтің заң ережесі болды. Бұл өз кезегінде елдің арасында саяси, әлеуметтік, шаруашылық дағдарысты туғызды. Халық көтерілістеріне алып келді, Ресейдің аймақтағы саясатының тұрақсыздануын туғызды. Осыған орай, Орынбор әкімшілігінің қызметінде жүйесіздік, шашыраңқылық салдарынан қиындықтарға соқтырды. Тұтастай XIX ғ. 20-40 жж. орыс үкіметі нығайуы және Орынбор өлкесіндегі қазақтарды басқару жүйесінің орнығып, одан әрі дамуының негізі қаланды. Бұл Ресей үкіметіне осы аймақтағы және ортаазиялық отаршылдық саясатын белсенді жүргізуге және өзінің саяси, әлеуметтік жағдайын тұрақтандыруға мүмкіндік берді.

Әдебиеттер

1. ОрОММ, 6-қ,10-т., 5615-іс. 25-27-пп.
2. ОрОММ, 6-қ,10-т., 5615-іс. 17-п.
3. Алекторов А. И. История Оренбургской губернии. -Оренбург,1883.-С.128.
4. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бері бүгінге дейін. 3 том. -Алматы,1996. -766 б.
5. Свод законов Россиский империи. Спб,1892.Т. 39. -С.232.
- 6.Мейер Л. Материалы для географии и статистики России. Киргизская степь Оренбургского ведомства.- Спб, 1865.- С.289.
7. Зиманов С.З. Политический строй Казахстана в конце ХУІІІ и первой половине ХІХ вв. Алма-ата; Изд-во АН Каз ССР,1960.- С.296.
8. Добросмыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк.- Т.1., Вып.2.- Тверь, 1902.-С.524.

АҚТӨБЕ ӨНІРІНДЕГІ АУЫР ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНАН

Л.С. Искакова

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті.
Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

*В статье рассматривается история развития тяжелой промышленности в Актюбинском регионе.
The article is dedicated to the history of heavy industry development in Aktobe region.*

Ключевые слова: *история, тяжелая индустрия, новая технология, Великая Отечественная война, эвакуация, химический комбинат.*
Key words: *history, heavy industry, new technology, Great Patriotic war, evacuation, chemical plant.*

1925 жылғы желтоқсандағы БКП (б) ХІҮ съезі белгіленген социалистік индустрияландыру ісін дамытудың Қазақстанда өзіндік ерекшеліктері болды. Республикадағы өте бай кен орындарының (көмір, мұнай, түрлі түсті металл рудалары) болуы ауыр индустрияның дамуына негіз болды. Бірақ бұл кен орындарында бұл кезде жаңадан ғана барлау, анықтау жұмыстары жүргізіліп, әлі толық экономикалық және геологиялық анықтамалары дайын емес еді. Ақтөбеге жақын орналасқан фосфор тыңайтқыштарын өндіретін химия комбинаты осындай жағдайда салынды. 1934 жылы қатарға қосылған бұл химия комбинатының құрылысы басталған кезде тәжірибелі мамандар, құрылыс материалдары техникалар мен керекті механизмдер жетіспеген. Алға қаласында ірі зауыт құрылысын салатын орын да дұрыс ойластырылмай, болашақ экологиялық зардабы ескерілмей, қалаға өте жақын орналастырылды. Қазақстанда ауыр индустрияның дамуы оның тұрғындарының құрамына маңызды әлеуметтік-демографиялық өзгерістер енгізді. 1926-1940 жылдардағы индустриялық даму кезеңінде Қазақстанның 13 жұмысшы аулы қалаға айналды. Қарағанды (1932), Риддер (Лениногорск-1934ж.), Аягөз (1937), Ақтөбе (1937) т.б. 1939 жылы Қазақстанда 81 қала және қала типтес ауылдар болды. Қаланың соғыс қиыншылықтарына қарамай дамуына әсер еткен 1940 жылы құрылысы басталған Ақтөбе ферроқорытпа зауытының салынуы болды. Соғыс жағдайы феррохромға деген сұранысты күшейтіп, самолет, кеме т.б. ұрыс машиналарына қажетті жоғары сапалы болат қорытпаларды көп керек ете бастады. Феррохром дегеніміз, құрамында екіден үш бөлігі хром, үштен бірі - темір, сондай-ақ көмірқышқыл мен кремнийдің т.б. қоспалардың аздаған мөлшері бар қорытпа. Табиғатта хром хромитті темір рудасы түрінде кездеседі. Революцияға дейін Ресейде хромит өндіру тек қана Оралда жүргізілді. Ол күшті қарқынмен дами бастаған индустрияны қанағаттандыра алмады. Кен орындарын іздеу, барлау жұмыстары жүргізіліп, ол Батыс Қазақстаннан табылды [1; 6-7 бб].

1940 жылы Қазақ даласында Ақтөбе ферроқорытпа зауытының құрылысы басталды. Қысқы уақыт ішінде Ақтөбеге Одақтың түкпір-түкпірінен көптеген мамандар келіп, көп қаржы бөлініп, материалды техникалық жабдықтар жеткізіле бастады. Мемлекеттік қорғаныс Комитетінің шешімі бойынша зауытқа эвакуациямен келген Запорожье ферроқорытпа зауытының жалпы құны 2,5 миллион сом тұратын турбина, қазан, электрлі моторлары берілді. 1943 жылы қаңтардың аяғында «Правда» газетінде Ақтөбеліктерді Отан тапсырмасын, майдан талабын орындағанын зауыттың бірінші кезегінің іске қосылып, одан қорғанысқа керекті металдың алғашқы тонналары алынғандығын хабарлаған қуанышты хабар шықты[2].

Ақтөбе ферроқорыту зауыты өзінің техникалық жабдықталуы жағынан осы саладағы басқа кәсіпорындарға Қарағанда алдыңғы орында тұрды. Кеңес Одағы бойынша алғаш салынған Челябинск ферроқорыту зауытының аласа цехтары мен бір-біріне жол бермейтін ескі неміс фирмасының пештері Ақтөбелік зауыттың шаңына да ілесе алмайтын. Кең де, жарық жұмыс орындары, бірінші класты Отандық электрлі пештер мен қорытушылардың еңбек жағдайын жақсартты. 1944 жылдың өзінде-ақ өндіріске (рационализаторлық) өнертапқыштық ұсыныстар мен жаңа технологияның енгізілуі, қосымша қуаттың берілуі металл өнімін арттырды. Зауыт ұжымы Бүкілодақтық жарыста жеңіске жетіп «КСРО ферроқорытпа үздік зауыты» атағын жеңіп алды [1; 30 б.]. Соғыстан кейінгі уақытта да жалпы дүние жүзінде өндіретін жоғары сапалы болат қорытпалардың құрамының 80 пайызын хром құрады. Әсіресе хромның никельмен қосындысын пайдалана отырып, тот баспайтын құрыштың неше түрін алуға болады. Ол химияның дамуына, самолет және кеме жасау өндірісіне көп көмегін тигізді. Соғыс уақытында Қазақстанға эвакуацияланып келген 220 фабрика, зауыт, шеберхана, артель, промкомбинаттың 20-дан астамы Ақтөбе облысына келді. 1942 жылдың басында облысқа осы кәсіпорындармен бірге 19894 адам келсе, жылдың аяғында оның саны 27500 адамға жетті. Днепропетровскіден келген «Большевик» артелі, Запорожьедең ферроқорытпа зауытының жабдықтары, Москвадан рентгензауыты Ақтөбе қаласына орналастырылды[3; 19-25-бб.].

Қаланың партия-кеңес органдары майдан шебіндегі аудандардан көшіріліп әкелінген осындай кәсіпорындарды қабылдаумен, орналастырумен көп шұғылданып, олардың қысқы уақыт ішінде қатарға қосылуы үшін еңбектенді. Кейін осы эвакуацияланған кәсіпорындардың бірталайы қалада қалып, өндірістің жаңа салаларының қалыптасуына негіз болды. Бұған айқын дәлелдер «Актюбинсксельмаш», «Актюбрентген» және Ақтөбе ферроқорытпа зауытының тарихы болып табылады. «Ақтөбесельмаш» зауыты ауыл шаруашылық машиналарын жасап шығаратын ірі кәсіпорын. Бұл зауыт 1941 жылы күзде Днепропетровскіден келген «Большевик» артелінің негізінде ұйымдастырылған. Оның шығаратын негізгі өнімі қой шаруашылығына қажетті жүн қырқатын техника, соған керекті бөлшектер. Бұл зауыт бүкіл еліміз бойынша, тіпті бұрынғы Өзара экономикалық көмек кеңесі жүйесі бойынша да, бірден-бір маманданған кәсіпорын болды. Оның тұтынушылары біздің елімізде 1000-нан аса, туысқан көрші елдер мен бірқатар шет мемлекеттерге де өз өнімдерін жіберіп отырды[4; 35-б.].

1942 жылы 7 мамырда электр өнеркәсібі министрлігінің бұйрығы бойынша эвакуацияланып келген Москваның рентген зауыты Ақтөбе қаласының рентген зауыты деп аталды. №692 1942 жылғы 18 мамырдағы бұйрық бойынша Ақтөбе рентген зауытына «№692» деген нөмір берілді. Бұл зауыт Ақтөбе қаласының мақтанышы болған жоқ, ол бүкіл Кеңес Одағы бойынша рентген өндірісінің ең ірі алыптарының бірі болып есептеледі. Соғыс жылдарынан бастап оқудан қол үзген, майданнан оралған жастар арасында жұмысшы жастардың кешкі мектептерін ашу жұмысы жолға қойылды. Мұғалімдер өндіріс басшылығымен бірге отырып жастар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, оқуға тілек білдірушілердің есебін алып отырды [5; 54-55-бб.]. 1944 жылғы 24 қарашада Ақтөбе облыстық еңбекшілер депутаттарының атқару комитетінің шешімі бойынша 495 адамды оқытатын 6 жұмысшы жастар мектебін ұйымдастыру керек еді. Соның екі орта мектебі Ақтөбе қаласында болды. Олар №2, №13 мектептерде ұйымдастырылып, кешкілік оқытты. Барлық оқушы саны 142, класс саны 9 болды[6; 3-б.]. Бұл мектептерде де сабақ төрт аяғынан тең жүріп кетті деп айту қиын, оқушылар жұмыста болып сабаққа келмей қалады. Ферросплав зауытының оқуға тиісті 300 жұмысшысының 112-і ғана сабаққа келетін болған. Себебі, зауыт әкімшілігі жастардың білім алуына жете мән бермей, олардың жұмыс уақытын реттемеген [7; 6-б.]. Төртінші бесжылдық жылдарында Ақтөбе кәсіпорындары да айтарлықтай жетістіктерге жетті, өнеркәсіп орындары сан және сапа жағынан өсіп, жаңа салалары дамыды. Ақтөбе облысы тау-кен ісі, металлургия, химия өндірісі, т.б. салалары жылдам дами бастаған Қазақ Республикасының аса маңызды экономикалық аймағына айналды. «Актюбстрой»

тресі, «Актюбнефть» тресінің механикалық зауыты, «Большевик», «Актюбрентген» зауыттары және Қазақстанның қара металлургиясының алғашқы қарлығашы - Ақтөбе ферроқорытпа зауыты республика экономикасының дамуына елеулі үлестерін қосып отырды. 1943 жылы қаңтарда металлургтер Ақтөбе ферроқорытпа зауытының бесжылдық тойын салтанатты түрде атап өтті. Осы уақыт ішінде 1943 жылмен салыстырғанда ферроқорыту біршама артып, өнімнің өзіндік құны жартысына дейін кеміп, еңбек өнімділігі екі есеге жуық артты. Зауыттың партия ұйымы бес жыл ішінде қатарында 200-дей мүшесі бар Ақтөбенің ең ірі партия ұйымдарының біріне айналды. Оның құрамын соғыс уақытынан бастап зауытты салып, іске қосып еңбек етіп келе жатқан жас ферросплавшылар, 500-дей комсомол мүшелері есебінен толықтырылып отырды. Сондай-ақ оның қатарын майданнан қайтқандарда толықтырып отырды [1; 30 б.]. Халқымыздың фашистік Германияны толық талқандап, Ұлы Отан соғысында жеңіске жетуінің дүниежүзілік тарихи маңызы зор болды. Соғыс біздің халқымызбен әскеріміздің, мемлекетіміздің күші мен беріктігін сынаған нағыз ауыр кезең еді. Қатаң тәртіп, жауапкершілік пен ұйымшылдық тылды күшейтіп, майданға жан-жақты дем беріп отырды. Индустрияландыру саясатын жүзеге асыру, Ұлы Отан соғысының қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында өмір сүрген Ақтөбе қалашығы өндірісті қалаға айналып, машина жасау, химия, металлургия сияқты өндіріс салаларын дамытып, өркендей бастады.

Әдебиеттер

- 1.Грейз М.Актюбинские сплавы. Издательство«Казахстан».-А,1964.- 79-85 беттер.
2. Правда - 1943.- 22 января, №5.
- 3.АОМА. 30-қор, 1-т. 253-іс, 19-25-пп.
- 4.АОМА. 30-қ, 1-т, 979-іс, 35-п.
- 5.АОМА, 30-қор, I-т., 480-іс, 54-55-пп.
- 6.АОМА, 30-қор, 853-іс, 3-п.
- 7.АОМА, 30-қор, 1-тізбе, 245-іс, 6-п.

УДК 316

Жастар арасында конформизмді қалыптастырудағы сән феноменінің рөлі (әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша)

А.К. Болысбаева

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

В данной статье автор рассматривает роль феномена моды в формировании и распространении конформизма среди молодежи на основе социологического исследования.

In this article the author considers the role of of the phenomenon of fashion in the formation and propagation of conformism among young people on the basis of sociological research.

Ключевые слова: *молодежь, феномен, мода, конформизм, социологические исследования.*
Key words: *youth, phenomenon, fashion, conformism, sociological research.*

XXI ғасыр бүгінгі адамзат өмірінің әлеуметтік-мәдени жағдайына әсер ететін ғылыми-техникалық және технологиялық өзгерістермен сипатталады. Әлеуметтік шындықтың өзгеруі материалды-заттық іс-әрекеттеріменен ғана жүргізілуі мүмкін емес. Бұл өзгерістер адамның тұрмысқа әлеуметтік, психологиялық, мәдени және экономикалық бейімделуіне мүмкіндік туғызатын жеке тұлғаның негізгі әлеуметтік қасиеттерінің трансформациялануын қажет етеді.

Сол себепті қазіргі таңдағы қоғамның тарихи дамуында негізгі екі тенденция көрініс табады. Бір жағынан, жеке тұлғаның индивидуализация процесі оның деперсонализациясына алып келсе, екінші жағынан, ұжымдық қауымдастықтардағы жеке тұлғаның теңдестірілуіне әкеледі. Осы жағдайларда аталмыш екі процеске бұқаралық мәдениет феномені сәннің ықпал еткендіктен, оның қоғамдық өмірдегі маңызы жоғарылай түсетіні белгілі. Қазіргі кезеңде сән технологиялары бұқаралық мәдениет технологияларынан алшақтап, өзіндік әлеуметтік рөлдерге, мағыналар мен функцияларға ие болып, түрлі тәсілдер арқылы әлеуметтік, әлеуметтік-мәдени, рухани және жеке тұлғалық қасиеттерді қалыптастырады. Сондықтан заманауи жаһандық процестердің орын алуына байланысты сән, салт-дәстүр, әлеуметтік қозғалыстар және заң, отбасы сияқты әлеуметтік институттармен қатар әлеуметтік реттеу механизмдерінің біріне айналып, жеке тұлғаны әлеуметтенуіне ықпал етеді. Сол себепті қазіргі таңда сәнді әлеуметтік-мәдени тәжірибені трансляциялаушы канал ретіндегі қазақстандық қоғамға тигізер әсерін анықтау мақсатында сәнді жан-жақты зерттеу маңызды болып табылады.

Дегенмен, отандық әлеуметтану ғылымында аталмыш мәселеге қажетті деңгейде көңіл бөлінбей, әлеуметтік феномен ретіндегі сәннің қазақстандық қоғамға тигізетін ықпалы зерттелмеген. Сондықтан сән феномені сынды отандық әлеуметтану ғылымы үшін тың мәселені зерттеу қажеттілігі туындайды. Осыған орай, біз сандық (анкеталық сұраулар) және сапалық (фокус-топ) зерттеу әдістерін кешенді түрде қолданып, сәннің әлеуметтік реттеуші ретіндегі қазақстандық жастардың мінез-құлқына әсерін анықтау мақсатында зерттеу жүргізілді.

Бірақ сән феноменінің жастардың мінез-құлқына ықпал етуінің барлық тұстарын қарастыру үшін бір мақаланың көлемінің азшылық болатынын ескеріп, біз осы зерттеу жұмысында тек сәннің жастар арасында конформизмнің қалыптасуына ықпалын ғана қарастыруды жөн көрдік.

Зерттеу барысында классикалық әлеуметтанушылардың идеялары, батыстық және ресейлік әлеуметтану мен әлеуметтік психология ғылымдарының еңбектерін қарастыра отырып, төмендегідей гипотезалар алға қойылды:

- Сән конформизмді тудырушы әлеуметтік реттеуші ролін атқара отырып, жеке тұлғаның мінез-құлқын өзгертеді.
- Сән конформизмнің латентті және референтті түрлері мен сән стандарттарына ұмтылыспен айқындалатын және сәнді жоққа шығаруға негізделген неконформизм түрлерін туындатады.

Осы гипотезаларымызды тексеруге арналған кешенді зерттеу 2010 жылдың қараша айынан бастап, 2011 жылдың сәуір айына дейін жалғасты. Зерттеу қазақстандықтардың сәнге көзқарасын және сәннің жеке тұлғаның әлеуметтенуі мен мінез-құлқына әсерін анықтау мақсатында жүргізілді.

Анкетаның іріктеу жиынтығы 110 адамды құрады. Іріктеу кездейсоқ іріктеу арқылы жасалды. Сұрау 2011 жылдың 1 наурызы мен 31 наурызы аралығында жүргізілді. Сұрауға Алматы және Ақтөбе қалаларының тұрғындары қатысты. Респонденттеріміздің жыныстық құрамымен төмендегі кесте бойынша танысуға болады (Кесте 1):

Кесте 1

Жынысы	Алматы	%	Ақтөбе	%	Барлығы	%
Ер адам	16	14,5%	22	20%	38	34,5%
Әйел адам	34	31%	38	34,5%	72	65,5%
Барлығы	50	46,5%	60	64,5%	110	100%

Респонденттерімізді жасы бойынша көрсетілген топтарға бөлдік (Кесте 2):

Кесте 2

Жасы	Алматы	%	Ақтөбе	%	Барлығы	%
18-20	37	33,6%	24	21,8%	61	55,4%
21-23	11	10%	15	13,6%	26	23,6%
24-29	2	1,8%	20	18,1%	22	19,9%

Жастардың сәнге көзқарасын анықтау мақсатында «Сәннің қазақстандық қоғамға ықпалы қаншалықты деп есептейсіз?» деген сауал қойылды. Осылайша, 63,3% респондентіміз сәннің қазақстандық қоғамға әсерін өте жоғары және жоғары деп бағалайды. Ал 35,4% сәннің қазақстандық қоғамдағы әсерін аса жоғары емес немесе төмен деп есептейді. Бұл қазақстандықтар үшін сәннің маңызын дәлелдей түседі.

Кейін респонденттеріміздің өміріндегі сәннің маңызын анықтау мақсатында анкета сұрауында «Сіз үшін сән тенденцияларына еру қаншалықты маңызды?» деген сауал қойылды. Сұрақ қорытындысы бойынша, 53,6% жауап берушілер сәннің өз өміріндегі маңызын мойындайды. Сәннің маңызын мойындаушылардың қатарында 18-26 жас аралығындағы респонденттеріміздің басым екендігін байқадық. Бұл жастардың әлеуметтенуі мен топтық идентификациялау процестеріндегі сәннің ықпал ететіндігімен байланысты.

Ал, басқа адамның сыртқы келбетінің маңыздылығын 78,2% респонденттеріміз мойындайды. Бөгде адамның сырт келбетінің маңызын тек 1,8% респондентіміз жоққа шығарды. Бұл да сәннің әлеуметтендіруші құралы ретіндегі маңызын дәлелдеді. [1.50-51] Сонымен, бірге Ақтөбе және Алматы қалаларында жүргізілген фокус-топтар сериясында да сәннің сәнді жастарды әлеуметтендірудің қол жетімді әрі ерікті әлеуметтендіру механизмдерінің бірі екендігі дәлелденіп шықты. [2]

Енді сәннің конформизмді тудырушы әлеуметтік реттеуші ролін атқара отырып, жеке тұлғаның мінез-құлқын өзгертетіндігі туралы гипотезамызды тексерместен бұрын конформизм және конформистік мінез-құлық ұғымдарына анықтама берсек.

Осы екі термин өте ұқсас болғанымен, мағыналас емес. «Конформизм» термині бейімделушілік жалпы пікірлер, тенденциялар мен авторитеттерге сыни емес еру ұғымына жақын болса, «конформистік мінез-құлық» индивидтің жалғыз қалу қорқынышының салдарынан топтық қысымға төселуі ретінде қарастыруға болады. Осыны негізге ала отырып, бейімделу ретіндегі конформизмсіз индивид пен әлеуметтік топ арасындағы тепе-теңдік орнауы мүмкін еместігін байқауға болады. Конформизмге еріктілік, енжарлық тән болса, конформистік мінез-құлық қысымшылық көрсету арқылы жүзеге асырылады. Сәннің нормативті бастауынан құндылықтық бастауының жоғары екендігін ескере отырып, сәнге конформистік мінез-құлықтан гөрі, конформизм тән екендігін көреміз. Д.Ольшанский конформизмнің екі негізгі типін көрсетеді:

- «соқыр» конформизм;
- «референтті» конформизм;

Алғашқысы адамның бұқарадан бөлінбеу, басқалары сияқты болып көріну мақсатында жүзеге асырылады. Бұл орайда, конформизм өзіндік қорғаныш функциясын атқарса, сән әлеуметтік мимикрия ролін орындайды. Жалпы, «соқыр конформизмді» танытатын индивидтер бұл жағдайды мойындамауы да мүмкін. Оларға сән мағынасына ие объектілерді жайлылықты сезіну мақсатында қолдану тән болып келеді. Бұл құбылыс әсіресе, мегаполистердің тұрғындарының арасында көп кездеседі. Сол себепті үлкен қалаларды бұқаралық сәннің орталығы ретінде атауға болады [3. 262б.].

Ал конформизмнің екінші түрі «референттік» конформизм болып табылады. Әрбір индивид өзіне тартымды болып көрінетін адамдарға ұқсауға тырысып, оларға еліктейді. Бұл әсіресе, жеке тұлға ретінде қалыптаспаған жастар арасында кеңінен таралған құбылыс болып табылады. Дегенмен, конформизмнің бұл түрі ересек адамдардың да кездесетіндігін айта кеткен жөн. Кей кездері референттік топтар мен тұлғаларға еліктеу

бұқаралық сипат алуы мүмкін. Бұл референтті топтар, олардың мүшелерінің немесе референтті тұлғаның сән объектісіне айналуымен байланыстыруға болады. Бұл көп жағдайда, шоу-бизнес өкілдеріне, саясаткерлер мен медиа-тұлғаларға байланысты болады [3. 263б.]. Мысалы, 60-жылдары «Beatles» тобының танымал болып, әндерінің хитке айналуына байланысты топ мүшелері сән объектілері ретінде қарастырылды. Сол жылдары «битглз» шаш үлгісі сәнді болып танылғаны белгілі. Осындай жағдай Майкл Джексонның биі мен әндеріне қайталанды. Сонымен бірге Мэрилин Монроның сұлулықтың эталоны деп мойындалуы, сары шашты сәнге айналдырды. Ал, Твигги есімді модельдің сән аренасына шығуы қоғамда, әсіресе жастар арасында мини-сәнді қалыптастырды.

Қазіргі кезеңде белгілі бір шоу-бизнес жұлдызының, саясаткердің не спорт жұлдызының танымалдылыққа ие болуы оның табынушыларының қатарын ұлғайтып, оларға еліктеушілік сезімін қалыптастырады.

Әрине, сән құбылысының таралуына ықпал ететін әлеуметтік мінез-құлық формасы ретінде конформизмді қарастыру барысында оған қарама-қарсы нонконформизмді қарастырған жөн.

Нонконформизмді біз екі түрге бөліп қарастырдық. Біріншісі – сәнді және сән жаңалықтарын жоққа шығаруға негізделген мінез-құлық формасы. Олар жаңа сән үлгілерін тек дәстүрге, салтқа айналған тұста ғана қабылдайды. Бұл А.Б.Гофманның ұсынған сән тұтынушыларының иерархиясындағы «дәстүрлілерге» тән болып табылады. Ал нонконформизмнің екінші түрі – өзгелерден ерекшелену мақсатындағы сән жаңалықтарын иеленуге талпыныспен сипатталатын мінез-құлық формасы. Бұл мінез-құлықты танытатын адамдарға сән жаңалықтары арқылы өзін бұқарадан ерекшелеу қасиеті тән. Олар тәуекелшіл болып келеді. Сән мағынасына ие стандарттар мен объектілерді алғашқы болып қабылдайды. Осы категорияға А.Гофманның ұсынған иерархиясындағы «сән инноваторлары» жатады [4].

Осыдан біз жаңашылдыққа ұмтылысқа негізделген нонконформизмнің қалыптасуына сән әсер етеді деген қорытындыға келеміз.

Сонымен қазақстандықтардың арасындағы конформизм мен нонконформизмнің таралу деңгейін анықтау мақсатында анкета әдісі пайдаланылды.

Енді осы зерттеудің анализіне көшсек. Осылайша, анкетамызда қойылған сұрақтардың бірінде «Сіз не себепті сәнді заттарды пайдаланасыз?» сауалы қойылды. Бұл сұрақ төмендегідей нәтижелерді берді (Кесте 3).

Кесте 3.

3. Сіз не себепті сәнді заттарды пайдаланасыз?	Пайызы
1) Ішкі жайлылықты сезіну мақсатында	34,5%
2) Бұқарадан ерекшелену мақсатында	26,4%
3) Басқалар сияқты болу үшін	16,4%
4) Сән жаңалықтарын артық деп есептегендіктен, қолданбаймын	10%
5) Қоршаған ортамның назарын аударту мақсатында	7,3%
6) Өз жауабым (оригиналды, өзім болу үшін, т.б.)	5,4%

Сонымен біздің анкетамыздың қорытындысы бойынша, респонденттеріміздің 50.9% (ішкі жайлылықты сезіну және басқалар сияқты болу) «латентті» конформизм тән екендігі анықталды.

Қазақстандықтардың 33,7% сән жаңалықтарын бұқарадан ерекшелену және қоршаған ортасының назарын аударту мақсатында қолданатындығымен бөлісіп, жаңашылдыққа ұмтылыспен сипатталатын нонконформистік мінез-құлық танытты.

Ал 10% респондентіміз сәннің жаңалықтарын пайдаланбайтындығын айтып, сәнді жоққа шығаруға негізделген нонконформизмді қолдады.

Респонденттеріміздің мінез-құлқындағы конформизмнің түрін («соқыр», «референтті») анықтау мақсатында төмендегідей сұрақ қойылды (Кесте 4).

Кесте 4.

5.Сіз үшін сән жаңалықтарын таңдау барысында қандай критерийлерге сүйенесіз?	Пайызы
1) Ең бастысы өзіме және қоршаған ортаға ұнаса болды	88,2%
2) Мен сән жаңалықтарын пайдаланбаймын	6,4%
3) Мен сән журналдары мен БАҚ сүйенемін	2,7%
4) Өз жауабым	2,7%

Осылайша, респонденттеріміздің көпшілігі өз ортасындағы адамдарға және өзінің жеке пікіріне сүйенетіндіктерімен бөлісті. Бұл бір жағынан олардың өз ортасынан шектеліп қалмау қажеттілігімен байланыстырылса, екінші жағынан, индивид және оның қоршаған ортасының арасындағы өмір салтының, көзқарастардың, нормалардың және құндылықтардың ұқсастық болады. Бұл «латентті» конформизмнің туындауына әкелуі мүмкін. Ал тек 2,7% респонденттеріміз ғана таңдауын жасау барысында сән журналдары мен БАҚ-қа сүйенетіндіктерін айтты. Осы категория адамдарына «референтті» конформизм тән екендігі анықталды.

Осылайша, біздің гипотезамыз толығымен дәлелденіп шықты. Бұл сәннің қоғамда, атап айтқанда, жастардың өмірінде орын алатынын айқындады. Сол себепті отандық әлеуметтану мен психология ғылымдарының аясында сән феноменіне жеткілікті көңіл аударылатын болса, болашақта бұл құбылыстың жеке тұлғаның әлеуметтенуіне тигізетін ықпалын толығымен бағалап, оңды пайдалану мүмкіндігі туатындығына кәміл сенімдіміз.

Әдебиеттер

1. Болысбаева А.К. Әлеуметтік реттеуші ретіндегі сәннің қазақстандық жастардың өміріндегі рөлі // Сборник научных трудов, посвященных 60-летию профессора Т.Б.Бердимуратова – Ақтөбе: Көкжиек, 2011. С. 50-52.
2. Болысбаева А.К. Жастардың сәнге көзқарасы // «Наука и инновации молодых: стратегия выбора и обновления»: Сб.статей Межд.Науч.Конф. (г.Алматы, 13 мая 2011г.) – Алматы, 2011. – С.79-83.
3. Ольшанский Д.В. Психология масс. — СПб.: Питер, 2002. —С. 368.
4. Гофман А.Б. Мода и люди: новая теория моды и модного поведения – 4-е издание., испр. и доп. М.: КДУ, 2010. – С.228.

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ
ЭКОНОМИКА И ПРАВОВЕДЕНИЕ
Economics and Law

УДК 110.2

ЭКОНОМИКА ДАМУЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОР РӨЛІ

М.Ә Тұрғанбаев, А.Ө Әлиева

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қаласы, Қазақстан
Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университеті
Орал қаласы, Қазақстан

В статье рассматривается значение государственного сектора в развитии экономики.
This article considers the importance of the public sector in economic development.

Ключевые слова: экономика, государство, глобализация, государственный сектор, эффективность, совершенствование, рынок, кризис, государственное регулирование.
Keywords: economics, government, globalization, public sector, efficiency, improve, market, crisis, government regulation.

Мемлекеттік сектордың қазіргі нарықтық экономикадағы мәселесін зерттеуге жаңа әдістеменің қажеттілігі, бір жағынан әлемдік экономикада болып жатқан процестермен, ал басқа жағынан экономикалық теорияның дамуымен байланысты объективті себептермен негізделеді. Көптеген жылдар бойы зерттеушілер мемлекеттің шаруашылықта кейбір қоғамдық міндеттерді шешу үшін өзінің секторын қалыптастыруға деген ұмтылысын түсіндіруге тырысуда. Бұл міндетпен әр түрлі мемлекеттердің үкіметтері жетістіліктің алуан түрлі деңгейінде орындап шықты. Осы және басқа да себептерге байланысты зерттеушілер мен тәжірибешілердің арасында мемлекеттің белсенділігінің жаңа қарсыластары пайда болды және даму стратегиялары өзгерді. 1990 жылдардың басына дейін экономистердің талпыныстары мемлекеттік сектордың және оның экономикадағы рөлін белсенді түрде қысқартуға бағытталған болса, ал 1992-93 ж.ж. әлемдік дағдарыстан кейін мемлекет ұстанымын күшейту ұрандары белсенді түрде сезілді. Ал, 2008 жылғы әлемдік қаржылық дағдарыс бұл тәсілдің көкейтестілігін растады. Сонымен қатар, зерттеушілер арасында бұрынғысынша мемлекеттік сектордың аралас экономикадағы алатын орнының нақты түсінігі жоқ. Индивидуализм принципімен негізделген неоклассика тұғырындағы мемлекеттік сектор анықтамасы мемлекеттік секторды жеке меншік секторға шылау ретінде қарастырады. Оған деген мұқтаждық нарықтық экономиканың «сәтсіздіктерімен» түсіндіріледі. Жеке пайдасын көздейтін жеке тұлғалардың көзқарасы бойынша мемлекеттік сектор іс жүзінде экономикада қалған қызметтерді атқарады. Және де сәтсіздіктер аймағында мемлекеттік кәсіпорындар әрқашан тиімсіз болады. Егер аталған өнім өндірісі жеке меншік өндірушісі үшін қызығушылық танытпаса, демек ол өтелмейді. Мемлекеттік кәсіпорындар сәтсіздіктер аймағында қызмет ететіндіктен пайда келтірмейтін шаруашылықты жүргізуге мәжбүр. Мұндай көзқарас егер мемлекеттік сектордың маңызы жеке тұлға тұрғысында қарастырылатын болса ғана туындайды. Дегенмен, мемлекеттік меншік объектілері

негізінде қызмет ететін мемлекеттік сектордың міндеттерін, дамуының басты мақсаттарын анықтайтын қоғам көзқарасы бойынша әлденеше рет басқаша көрінеді.

Анағұрлым кең таралған неоклассикалық теория қазіргі заман сұрақтарына жауап бере алмайды, көбінесе неге нарықтық экономиканың дамуында мемлекеттік сектордың рөлі артады, ал постсоциалистік елдерде оның маңыздылығы жаңа мазмұнмен толықтырылады, сонымен қатар – неге мемлекеттік кәсіпорындар пайда табу негізінде қызмет етеді, ал олардың қызметінің саласы жеке меншік иесін тарта алады.

Бұл теорияның іс жүзіндегі зияны оның тұжырымдары «жас» нарықтық экономикалардың мәселелерін, яғни әртүрлі елдерде үкіметтерді мемлекеттің қатысуын барынша азайтуға шақыра отырып, қазіргі жаһанданушы экономика жағдайында нарықтық жүйелерді құру мәселелерін шешуге бағытталған мемлекеттердің назарын аударады. Нәтижесінде нарықтық экономиканың құрылу тәжірибесі мемлекет пен мемлекеттік сектор функцияларының шамадан тыс дәлелсіз әлсіреуін көрсетті.

Бір адым алда институционалдық емес теорияның жетістіктері болып табылады. Ол экономикалық субъектілердің жеке мінез-құлықтарына шектеулер қоятын институттардың шығарылу, қызмет ету және трансформациялануы (түрленуі) теориясын әзірлеу жолында әлеуметтік-экономикалық тарихтың даму заңдылығын түсіндіруге үміттеніп отырып, қоғам мүдделері тұғырында экономиканың мемлекеттік секторының қажеттілігі мен шектері жөніндегі сұраққа ғылыми-дәлелді жауап беруге талпынады. Дегенмен, бұл теория, ғалымдардың пікірі бойынша, мемлекеттік сектордың нарықтың сәтсіздіктері аймағындағы құралы ретіндегі әлденеше рет оңайлатылған трактовкасы болып табылады.

Мемлекеттік сектордың негізделуіне қатысты қарастырылған тәсілдемелер экономиканың мемлекеттік секторын құру қажеттілігін сипаттайтын мемлекеттік араласудың әр түрлі аспектілері жөнінде түсініктер береді. Мұндай көзқарас келесілерді ұйғаратын тұтастылық әдісті қолдануға мүмкіндік береді: 1) мемлекеттік сектордың экономикалық жүйенің маңызды бөлігі ретінде зерттелуі; 2) зерттеу объектісін өзіндік қасиеттері бар экономиканың дербес бөлігі ретінде қарастырылуы; 3) мемлекеттік секторды дамытуда оның ұлттық экономикадағы даму үлгісін құрушы тарихи контекстінің талдануы.

Мемлекеттік секторды зерттеу үшін тұтастылық тәсілдемесін қолдануды нақтырақ қарастырайық. Тұтастылық тәсілдемесі мемлекеттік секторды қоғамдық мақсаттардың мұқтажымен анықталатын экономиканың бөлігі ретінде ғана емес, сонымен қатар қоғамның жалпылама қоятын міндеттерін шешу үшін бүкіл экономиканың дамуын анықтайтын құрылымдық элемент ретінде де қарастыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік меншікке деген мұқтаждық алғашқы мемлекеттің пайда болуымен туындайтыны кездейсоқтық емес. Мемлекеттің тіпті, кішігірім функцияларды орындай алуы үшін оған алға қойылған міндеттерді шешу үшін жетерліктей мүлік және қаржы құралдары қажет. Мемлекетпен құрылған қоғамдық бағыттағы кәсіпорындар мемлекеттің экономикадағы белсенділігін білдіретін қазіргі заманғы мемлекеттік сектордың әрекет ету негізін қалайды.

Осыған байланысты зерттеушілер мемлекеттік секторға деген қажеттілік жеке меншік шаруашылықты дамытудың жағдайларына қарағанда ертерек пайда болды. Шындығында, кез келген мемлекетте тікелей мемлекеттік белсенділіктің секторы қолданылды. Қазір мемлекеттік сектор мемлекеттік шаруашылық үшін табиғи құбылыс екендігі мәлім.

Мақсат сипатының өзі оның мемлекеттік меншік объектілері негізінде қызмет етуін ұйғарады. Дегенмен, мемлекет белсенділігінің ауқымдары және оның даму нысандары мемлекеттік секторды дамыту заңдылығының шешілмеген теориялық мәселелерге ұшырайтындықтан әлі де экономистер арасында дау туғызуда.

Бұл мәселелерді, сонымен қатар, мемлекеттік сектордың орнын бөліп көрсетуге және оның ауқымдарының ғылыми негізделуіне жол ашатын тұтастылық әдістемесінің әдіснамасын қолдана отырып шешуге болады. Тұтастылық әдістемесі тұрғысынан мемлекеттік сектордың алдында тұрған басты міндеттер – бұл әлеуметтік

шаруашылықтың құрылуы және экономиканың тұтастылығын бірқалыпта ұстап тұру. Бұл мемлекет кейде «түзеп отыратын» нарық сәтсіздіктері емес екендігін байқаған жөн. Мемлекеттік сектордың аталған функциялары мемлекет мемлекеттік кәсіпорындар көмегімен шешетін оның тұрақты міндеттеріне жатады.

Сол немесе басқа елдің даму деңгейіне қарамастан мемлекеттік сектор қоғам мүдделеріне әрекет етуі тиіс мемлекет мақсаттарының жүзеге асырылуында қызмет етеді.

Мемлекеттік сектордың алдында тұрған негізгі міндет – бұл әлеуметтік шаруашылықтың құрылуы және экономиканың тұтастығын ұстап тұру. Бұл мемлекеттік сектордың тіпті нарықтық экономикада оңтайлы мөлшерін білдіретін кішігірім функциялары. Мемлекеттік сектордың көрсетілген функциялары ол тіпті нарықтық экономикасы көзге көрінбейтін сәтсіздіктерсіз дамитын елдердің өзінде мемлекеттік кәсіпорындар көмегімен шешетін мемлекеттің тұрақты міндеттеріне жатады.

Мемлекеттік сектор кәсіпорындарының ерекше белгісі - қоғамның дамуы үшін жауапкершілігімен көрінетін жалпы тұтастық элементі ретінде принципіалды түрде оның басқа рөлін көрсетеді. Дәл сол арқылы мемлекеттік сектордың негізгі функциялары анықталады.

Әлемдік нарықтық жүйенің жаңа экономикалық субъектілерімен толықтырылуы және постсоциалистік экономикаларда нарықтық қатынастардың пайда болу тәжірибесі нарықтық экономиканы құруда мемлекеттік меншіктің мүлдем жаңа рөлді атқаратындығын және оның нарық сәтсіздіктеріндегі дәлелі жеткілікті болып табылатындығын көрсетті. Мемлекеттік сектор дамыған мемлекеттермен дағдарыс жағдайында нарықтық жүйені «сақтау» үшін тағы да белсенді түрде қолданыла бастады. Мемлекеттік сектор тек қана әлеуметтік шаруашылықты құрумен қатар, мемлекеттің экономикадағы билігін оның кәсіпкерлік белсенділігі арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Биліктің шаруашылықтағы материалдық негізі ретінде мемлекеттік меншік қызмет етеді. Сонымен қатар мемлекет мемлекеттік секторды басқару арқылы жеке меншік өндірушілердің қызмет етуіне елеулі түрде ықпал ете алады және тіпті олардың қызметін бағындыра алады.

Әдебиеттер

- 1.Клейнер Г., Петросян Д., Беченов А. Еще раз о роли государства и государственного сектора в экономике // Вопр. Экономики – М., 2004 .-№ 4. – с. 34-39.
2. Кушлина В.И. Государственное регулирование рыночной экономики: Учебник. Изд. 3-е, доп перераб. – М., 2006. – с. 477.
3. Виноградов В., Веселовский С. Государственная собственность и государственное предпринимательство в развитых капиталистических странах: тенденции эволюции // Приватизация: глобальные тенденции и национальные особенности / Отв. Ред. В.А.Виноградов. – М., 2006 – 42 б.
- 4.Алехин Э. В. «Экономика государственного и муниципальногосектора». Учебное пособие. –Пенза, 2010. – с. 7-12.

ЭКОНОМИЧЕСКАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ И ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ ФИНАНСОВОЙ СИСТЕМЫ

М.А. Турганбаев, Ж.С. Кожаметова, А.М. Бектасов

*Актюбинский региональный государственный университет имени К.Жубанова
г.Актобе, Казахстан*

*Западно-Казахстанский инженерно-гуманитарный университет
г.Уральск, Казахстан*

*Мақалада Қазақстан Республикасы мемлекетінің экономикалық қауіпсіздігі мен қаржы жүйесі мәселелері қарастырылған.
The article considers the issues of economic security and perfection of the state financial system.*

Кілт сөздер: экономикалық қауіпсіздік, ғаламдық, қаржы жүйесі, тиімділік, жетілдіру, нарық, дағдарыс, мемлекеттік реттеу, қолдау.

Keywords: economic security, globalization, financial system, efficiency, improvement, market, crisis, government regulation, support.

Общеизвестно, что экономическая безопасность Республики Казахстан сегодня выдвинулась в число проблем, привлекающих пристальное внимание политических государственных деятелей, правоведов, экономистов и т.д. Обеспечение экономической безопасности республики в условиях глобализации мировой экономики – это гарантия независимости страны, важнейший компонент обеспечения национальной безопасности Казахстана. В условиях слабой и неэффективной экономики трудно сдерживать натиск внутренних и внешних угроз, содержать сильную и мобильную армию, призванную обеспечивать военную безопасность страны. Поэтому дальнейшее развитие экономики - важнейшая задача обеспечения экономической безопасности страны.

Прошедшие годы независимости показали, что рыночная экономика сама по себе не обеспечивает полноценную экономическую безопасность. В этом смысле необходимо вмешательство государства в отношении хаотичного и стадного поведения других действующих субъектов рынка.

В условиях осуществления государственной и правовой реформы первостепенное значение имеет государственное и правовое обеспечение экономической безопасности Республики Казахстан. Именно данная сфера деятельности нашего государства является одной из главных его задач. На практике многие аспекты угроз экономической безопасности продолжают оставаться неурегулированными, что чревато возникновением и проявлением довольно опасных явлений для страны.

В последние годы сохраняются безработица, преступность, бегство капитала, коррупция и другие негативные явления, которые также вызывают серьезную озабоченность. Таким образом, преступность, утечка капиталов из страны и коррупция представляют прямую угрозу государства, поэтому сложившаяся ситуация вызвала необходимость в статье 18 Закона Республики Казахстан «О национальной безопасности Республики Казахстан» признать экономическую безопасность важнейшим видом безопасности, наряду с национальной, общественной, экологической, информационной, военной.

Признание экономической безопасности важнейшим видом безопасности позволило отнести обеспечение экономической безопасности к приоритетному направлению деятельности государства и общества. Экономическая безопасность может быть обеспечена только при условии эффективного правового и государственного регулирования.

Система норм, регулирующая отношения в области обеспечения экономической безопасности, не является целостной, поскольку отсутствует ряд норм, призванных регулировать важнейшие общественные отношения в данной области. Не решена проблема создания необходимых социально-экономических, правовых и политических условий для реализации и исполнения, действующих нормативно-правовых актов по обеспечению экономической безопасности.

В условиях мирового финансового кризиса особую актуальность для обеспечения экономической безопасности страны приобретает развитие финансовой системы страны. Вторая волна финансового кризиса, спровоцировавшая глобальный дефицит ликвидности, вышла за рамки мировой финансовой системы и оказала существенное негативное влияние на реальный сектор. В результате этого наблюдается значительное замедление темпов роста мировой экономики и, как следствие, снижение глобального спроса на товары и услуги. Это требует принятия новых дополнительных мер по стабилизации и оздоровлению отечественной экономики.

Финансовая деятельность государства выражается в многочисленных и разнообразных функциях, которые действуют в трех общих направлениях: образование, распределение и использование государственных денежных фондов. Неотъемлемым элементом в каждой из них являются функции контроля.

Разнообразие финансовой деятельности государства определяется особенностями построения финансовой системы. Государство осуществляет функции по созданию, распределению и использованию бюджетных ресурсов, финансовых средств государственных предприятий, распространяя свое воздействие на различные централизованные и децентрализованные денежные фонды, а также на денежные средства субъектов хозяйствования других форм собственности.

В зависимости от содержания, роли и масштабов действия тех или иных функций финансовая деятельность осуществляется в виде государственной власти или государственного управления (исполнительно-распорядительной деятельности). Высший орган государственной власти - Парламент Республики Казахстан, органы государственной власти на местах - собрания депутатов - маслихаты. Главой исполнительной власти является Президент, исполнительно-распорядительную деятельность проводит Правительство Республики Казахстан, на местах - главы (акимы) и аппарат местных администраций.

Финансовая деятельность государства проводится разными методами в зависимости от следующих факторов:

- задач государства на конкретном этапе его функционирования;
- форм собственности, на которых основана деятельность субъектов финансового права;
- источников государственных доходов;
- целей использования денежных средств;
- соотношения между поступившими в распоряжение государства средствами и потребностями в них.

Используются следующие методы финансовой деятельности государства:

1. Методы обязательных и добровольных платежей в централизованные государственные фонды: государственный бюджет, внебюджетные фонды, страховые и кредитные фонды. К обязательным относятся налоги, отчисления средств (на социальные цели, в специальные и внебюджетные фонды). На добровольных началах осуществляется часть платежей по личному и имущественному страхованию, по государственным займам, по денежно-вещевым лотереям, по вкладам-депозитам в банки.

2. При распределении государственных денежных средств различаются методы: финансирование - безвозвратный и безвозмездный отпуск средств и кредитование - выделение средств на началах возвратности и возмездности.

3. При финансовых операциях применяются методы безналичных и наличных расчетов денежными средствами. Преобладающими должны быть безналичные расчеты, так как они сокращают издержки денежного обращения, а используются в отношениях государства с предприятиями, и другими хозорганами, и частично с населением.

Финансово-правовые акты представляют собой принятые в предусмотренной форме и имеющие юридические последствия решения органов государственной власти и управления по вопросам финансовой деятельности, входящим в их компетенцию. Они устанавливают, изменяют или отменяют финансово-правовые нормы или служат основанием для возникновения, прекращения, изменения конкретных правоотношений. Совокупность финансово-правовых актов составляет финансовое законодательство. Применение тех или иных правовых форм финансовой деятельности определяется значением и содержанием регулируемых отношений. Так, юридический закон отражает длительные и устойчивые финансовые отношения и утверждается Парламентом; менее длительные, например закон о республиканском бюджете, также утверждаются этим органом в силу значимости подобного акта для социально-экономической жизни страны. Неюридические финансовые формы действуют в текущей финансовой деятельности; к ним относятся: проведение совещаний в аппарате финансовых и налоговых органов, инструктирование финансовой службы предприятий, проведение заседаний комиссий при подготовке бюджетов к утверждению собраниями депутатов и т.д.

При осуществлении финансовой деятельности государственные органы принимают определенные финансово-правовые акты, которыми в пределах своих полномочий регулируют финансовые отношения по мобилизации, распределению и использованию финансовых ресурсов, проведению контроля за их расходованием, выполнению финансовых планов и финансовых обязательств перед государством, а также руководят участниками этих отношений.

Сегодня органы государственной власти уделяют серьезное внимание вопросам совершенствования системы финансового контроля. Поскольку очевидно, что обязательным условием эффективного функционирования экономики и финансовой системы страны является наличие развитой системы контроля.

Совершенствование государственного финансового контроля в Казахстане позволит целесообразно и эффективно использовать государственные финансовые ресурсы страны, а также движение финансовых потоков от отправителя к адресату. Снизится вероятность, что денежные средства будут использованы с нарушениями законодательства и будет уверенность, что данные денежные средства будут использованы по целевому назначению.

Организация и функционирование эффективной системы финансового контроля – обязательный и непреходящий элемент государственной финансовой политики.

Бюджет государства должен быть сфокусирован на продуктивных с точки зрения долгосрочной перспективы общенациональных проектах, таких как, например совершенствование финансового сектора страны, диверсификация экономики и развитие инфраструктуры.

Литература

1. Основы экономической безопасности. (Государство, регион, предприятие, личность) // Под ред. Е.А. Олейникова. - М., 1997.
2. Закон РК «О национальной безопасности РК» // «Казахстанская правда» от 30.06.98 г. - С. 3.
3. Садовский В.Н. Методические проблемы исследования объектов, представляющих собой системы // Социология в СССР.- М., 1965.- Т. 1.

4. Проблемы глобальной безопасности: материалы семинаров в рамках научно-исследовательской и информационной программы (Ноябрь 1994 - февраль 1995 гг.).
-М.: ИНИ – ОНРАН, 1995.- С.57.
5. Дробозина Л.А «Финансы» - М.: Юнити, 2001.
6. Баймуратов У. Финансы Казахстана. - А.: БИС, 2005 г.

УДК 34.343

ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ РЕФОРМИРОВАНИЯ УГОЛОВНО-ПРОЦЕССУАЛЬНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РК

С.А. Сабырбаев

*Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова
г.Актобе, Казахстан*

Ғылыми мақалада 4 шілде 2014 ж. қабылданған Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексінің жаңа редакциясы аясында қылмыстық өндірістің құқықтық аспектілері қарастырылған.

The scientific article is devoted to legal aspects of the improvement of criminal justice in the light of the adopted new edition of the criminal procedure code of the Republic of Kazakhstan dated July 4, 2014.

Кілт сөздер: тергеу соты, қылмыстық-процессуалдық кодекс, конституциялық құқық пен еркіндік, құқықтық саясат концепциясы.

Key words: investigating judge, criminal procedure code, constitutional rights and freedoms, constitutional rights and freedoms, legal policy conception.

В Концепции правовой политики Республики Казахстан (пункт 2.9) на период с 2010 до 2020 года, утвержденной Указом Президента Республики Казахстан № 858 от 24 августа 2009 года, указано, что эффективная уголовная политика государства невозможна без оптимальной модели уголовного судопроизводства [1]. В соответствии с характеристиками современного демократического, правового государства, главной целью законодателя является формирование уголовно-процессуального закона, основанного на признании конституционных норм о правах и свободах личности непосредственно действующими, определяющими смысл, содержание и применение законов и обеспечиваемыми правосудием. Протокольными решениями совещаний с участием Помощника Президента-Секретаря Совета безопасности Республики Казахстан № 52-6.11 от 5 июля 2011 года (пункты 5 и 6) и № 52-6.13 от 17 августа 2011 года (пункты 1-3), на основании и во исполнение поручений Главы государства принято решение о коренном реформировании уголовного судопроизводства, подготовки концепции и новой редакции Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан. За истекшие годы многое сделано в плане формирования в Казахстане современной системы уголовного судопроизводства, отвечающей высоким международным стандартам. Однако, несмотря на достигнутый значительный прогресс по её реформированию, имеется ряд проблем в сфере судопроизводства и защиты конституционных прав и свобод граждан. Важнейшим показателем развития любого государства, стремящегося к достижению общепринятых международных стандартов, является эффективность защиты конституционных прав и свобод граждан, доступность и прозрачность правосудия. Качество отправления правосудия, в первую очередь, зависит от организации уголовного судопроизводства и

независимости судебной власти. Для этого требуется разработка оптимальных правовых механизмов, предусматривающих эффективное применение уголовно-процессуального законодательства в целях быстрого раскрытия преступлений, привлечения к уголовной ответственности лиц, их совершивших и справедливого судебного разбирательства. Одним из основных направлений совершенствования уголовно-процессуального права Концепцией правовой политики определено упрощение и повышение эффективности уголовного процесса, в том числе упрощение порядка досудебного производства. Вместе с тем, при решении вопросов об упрощении досудебного и судебного производства следует особое внимание уделять процессуальным нормам, направленным на защиту конституционных прав и свобод граждан, так как нельзя допускать подмену правосудия администрированием.

Знаковыми инновациями в совершенствовании уголовного судопроизводства будут следующие основные направления:

Первое: кардинально изменяется первоначальная стадия уголовного процесса путем исключения стадии доследственной проверки и возбуждения уголовного дела.

Второе: исключается предъявление следователем обвинения подозреваемому на стадии следствия. Вместо этого, прокурор, получив и тщательно изучив материалы расследования, представленные следователем, будет предъявлять обвинение и затем квалифицированно поддерживать его в суде.

Третье: кардинально упрощается досудебное производство: вводится понятие «досудебное расследование».

При этом фиксированный срок упраздняется и вводится термин «разумный срок».

Одновременно с этим устанавливается, что **очевидные** преступления, включая и тяжкие виды, должны быть расследованы в **кратчайшие сроки**, но не более 30 суток, а преступления небольшой и средней тяжести при признании лицом вины и суммы ущерба в срок до 15-ти суток.

Четвертое: все следственные действия, затрагивающие конституционные или иные права и свободы человека, будут проводиться **исключительно** с санкции прокурора (*с последующей поэтапной передачей всех этих функций суду в соответствии со сроками, определенными Концепцией правовой политики*).

Пятое: исключается возвращение судом дел на дополнительное расследование.

Шестое: резко сокращается количество следственных действий проводимых с участием понятых.

В связи с этим понятие будут привлекаться только в случаях, когда действия сотрудников полиции могут существенно ограничить конституционные права граждан (осмотр, обыск в жилом помещении и т.д.).

Седьмое: в уголовный процесс вводится понятие «**процессуальное соглашение**» или так называемая «делка».

Она будет оформляться в письменном виде между прокурором и подозреваемым и будет утверждаться судом с вынесением соответствующего судебного акта, что исключит возможные злоупотребления и нарушения законодательства.

Восьмое: в уголовный процесс вводится институт следственного судьи, который будет решать вопросы санкционирования ареста в качестве меры пресечения, его продления, принудительного помещения, не содержащегося под стражей лица в медицинское учреждение для производства судебно-психиатрической экспертизы [2].

Одним из направлений реализации предусмотренного Концепцией правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года расширения пределов судебного контроля в досудебном производстве является введение в уголовный процесс нового участника - следственного судьи. Это должно сочетаться с обозначением места следственного судьи в системе судебной власти Казахстана, его статуса, процессуальных полномочий и порядка их осуществления, предела исследования и оценки оснований своего процессуального решения и других актуальных вопросов. [Конституционный закон](#)

